

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

***Казахский язык и литература
в русской школе***

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

8/2014 ТАМЫЗ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Тамыз мәслихатына – мұғалімдік мәзір</i>	
Күнбала СЫҒАЕВА.	Оқушылардың ұжымдық іскерліктерін білудегі өзін бекітудің амалдары.....3
Индира МҰРАТОВА.	Кембридж бағдарламасы бойынша оқыту туралы ойлар.....14
Гүлшат МЫРЗАХАТОВА.	Қазақ тілін тереңдетіп оқытудың ерекшеліктері.....22
Гүлбану ЖҮНІСОВА.	Оқушының жазба сауаттылығын арттыру жолдары.....25
<i>В мире педагогики</i>	
Анар СИДАГАЛИЕВА.	Особенности фразеологических единиц в казахском и русском языках.....28
<i>Рухани дүниемізде</i>	
Перизат МАЗИНА.	Тыйым сөздер – тәрбиенің өлшемі.....38
<i>Колледж кеңістігінде</i>	
Жанар ТІЛЕУҚАБЫЛҚЫЗЫ.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....43
Жазира ТАЙКЕНҚЫЗЫ.	Барлығынан ардақтысы – өмір.....56
<i>Бір тақырыпқа – екі мақала</i>	
Ғалия МҰҚЫШЕВА.	Интернет қызметтер.....65
Бағдагүл ҚАЛДЫБАЕВА.	Интернет қызметтер.....69
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Гауһар ЖҮСПОВА.	Жаңа сөздерді үйреткен алуан түрлі жануарлар әлемі.....73
Рабиға АТАЕВА.	Оқшау мен қаратпа сөздер және ұлттық киімдер.....79
Зәуреш НҰРЫМОВА.	Тілді дамытқан үй жануарлары.....85
Рәш БАҚЫТҚЫЗЫ.	Септік жалғаулары – менің достарым.....98
Светлана ЖАҢАТАУҚЫЗЫ.	Үстеу, оның түрлері.....102
Светлана АКИМЕНКО.	Шылау сөздер – Наурыз мейрамында.....107
<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Гүлшат МОЛДАҒАЛИЕВА.	Ү әріпін оқыту.....111
<i>Сыныптан тыс шара</i>	
Бибігүл ИСЕМБЕРЛИЕВА.	Ел болашағы – білімді ұрпақ.....115
Мереке ӘБДІҒАЛИЕВА.	«Ана тілің – арын бұл» сайысы.....120
Жанна ЖҮЛҚАШЕВА.	
Элмира КӘРІМОВА.	Достығымыз жарасқан.....125
<i>Білім сынағында</i>	
Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА.	Деңгейлік тапсырмалар.....134

Тамыз мәслихатына – мұғалімдік мәзір

Күнбала СЫҒАЕВА,
Алматы қаласындағы
Ораз Жандосов атындағы
№105 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРІН БІЛУДЕГІ ӨЗІН БЕКІТУДІҢ АМАЛДАРЫ

«Дауға салса – алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?!» деп біздің елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, шынында да, бұл дүниеде қазақ үшін қазақ тілінен қымбат нәрсе жоқ. ҚР-ның «Тілдер туралы Заңының» алғашқы нұсқасының қабылданғанына, ана тіліміздің «мемлекеттік» биік мәртебе алғанына аттай 20 жыл толды. Жиырма жыл тарих үшін көзді ашып- жұмғандай, қас-қағым сәт болғанымен, қоғамдық-әлеуметтік өмір мен адам баласы үшін аз уақыт емес. Осы аралықта ұрпақтар есінде мәңгі қалатын алып істерді жүзеге асыруға да, ғұмыры ғасырдан- ғасырға жалғасатын жасампаз құндылықтар туғызуға да болады. Өткен уақыт бізге несімен қымбат? Бұл уақыт, ең бастысы, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандап өткен

тәуелсіздікті сыйлады. Бұл – халқымыздың басына қонған бақыт! Санаулы жылдардың ішінде еліміздің еңсесі көтеріліп, өркениет жолында озып кеткен мемлекеттермен терезесін тең ұстауы, олармен барлық бағыттарда теңдік қарым-қатынастар орнатуы – халқымыз үшін зор қуаныш. Ең бастысы, халық санасында: «Ел мұраты – егемендік, ұлттық дербестік» деген ұғым берік орнықты. Еліміз бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарына қосылу үшін аянбай еңбек етуде, ал соның ішінде білім саласының орыны ерекше. Мемлекеттік тілді жас ұрпақтың бойына сіңіру – аса маңызды да жауапты іс. «Қазіргі кезеңде мемлекеттік тіл қалай оқытылып жатыр?» деген сұрақ – күнделікті өмірдегі даулы да шын отаншыл азаматтың жүректен шыққан жан айқайы. Мемлекеттік қазақ тілінің мәртебесін жүзеге асыру – осы бағыттағы барлық шаралардың түп қазығы. Бұл тұрғыдағы іске асырылатын, асырылған жұмыстардың қай-қайсысы болса да, өте мәнді, аса маңызды. Себебі, тіл – тәуелсіздік тірегі, егемендік кепілі.

Қазақ тілін жас ұрпақтың бойына сіңіру, меңгерту барысында атқарылатын іс-шаралар шаш етекпен. Мемлекеттік тілдің оқытылу сапасына баса көңіл бөлу қажет. Ол үшін әрбір қазақ тілі маманы сауатты да жан-жақты, білімі терең, ойы ұшқыр, шәкірттерінің әрбір сауалына жауап бере алатын маман болуы міндетті. Тіл тағдыры – ел тағдыры. Тіл мәселесі дұрыс жолға қойылмаса, шешілмесе, қазақ тілі мамандары білікті, шынайы маман болмаса, дүбәралық, мәңгүрттік асқына бермек. Мәңгүрттік –

қатерлі дерт, айықпас ауру. Ал ауруды асқындырып барып емдегенше, оның алдын алған жөн емес пе?

Технология дамыған қазіргі заман талабына сай, жан-жақты дамыған, рухани бай, шығармашылық белсенділігі жоғары тұлғаны қалыптастыру, жаңаша оқыту мен тәрбиелеу жағдайындағы жүйелі жұмыстың үлгісі мен әдістерін жасау – бүгінгі оқыту мен тәрбиелеудің басты нысанасы.

Мектеп – жас ұрпаққа білім, тәрбие нұрымен нұрландыратын, үлкен өмір айдынына қанат қақтыратын, қасиетті де киелі орда болса, оны жүзеге асыратын қазақ тілі маманы. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі – мектептегі басты тұлға, өйткені ол – елбасының өкілі, мемлекеттік тілді насихаттаушы. Іскер, шебер, майталман, өз ісін сүйетін ұстаз ғана жан-жақты дамыған болашақ еліміздің тұлғаларын қалыптастыра алады. Қазақ халқынан шыққан тұңғыш психологтардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлының «Адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттерімен, қабілеттерімен келеді. Бала бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие» деген пікірі еске түседі. Американдық зерттеуші-ғалымдар неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға болады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын, жасы үлкендер дұрыс бағаламаса, оның «өзгелер сияқты болып, қалып қоюы мүмкін» дейді. Осындай келеңсіздіктерге жол бермеу үшін білім саласындағы болашақ тұлғаны дамыту, өзіне деген сенімділігін бекіту – басты мақсаттардың бірі саналып отыр. Жаңа ғасырдың

зерек шәкірттерін тәрбиелеуші әр мұғалім оқушымен жұмыс жасау барысында өзінің бағыт-бағдарына, біліміне, қабілетіне қарай талаптарды негізге ала жұмыс жасаса, ол дайындаған оқушылар кез келген ортаға тез бейімделгіш, жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасады, өздеріне сенімді, өздерін көрсете алатын Қазақстанның болашақ азаматтары болуына септігімізді тигізіп, еңбегіміздің нәтижесі көрінеді.

Оқушыларды ұжымдық түрде оқыту өте тиімді, өйткені әрбір оқушы бір-біріне көмектеседі, білмегенін үйренеді, ойлауға талпынады, өз ойын айтуға дағдыланады.

Ұжымдық оқытудың тиімділігі – оқушының өз білімін бекіту арқылы өзін-өзі сабақ барысында көрсетеді. Оқушылар бір-біріне көмектесу нәтижесінде бірінің білмегенін бірі толықтырады, ойларын-қиялдарын дамытуға ықпал етеді. Сабақ барысында осы іс-әрекеттер байқалып отырады. Ұжымдық оқытудың пайдасы – шәкірттердің ой-қиялдарын, білім деңгейін толықтыруға жұмылдыра отыра, ой-өрістерін сыни тұрғыдан дамытады. Ұжымдық оқыту кезінде оқушылар бір-бірінен үйренеді, үйретеді, көмектеседі, білімін толықтырады, өздеріне деген сенімдерін бекітеді. Осының нәтижесінде әрбір оқушы сабақ барысында өзінің білім деңгейін сенімді түрде көрсетеді, көрсетуге үйренеді, толық, тиянақты жауап беріп, өзін күнделікті сабақ үстінде білгенін айтуға дағдыланады.

Ұжымдық оқыту оқушының білімінің тиянақты

болуына, өзіне сенімділіктерін қалыптастыруға, іскерліктерін арттыруға, бір-біріне қолдау, көмек көрсетуге, өзін-өзі көрсетуге, білімін, жетістігін тиянақтауға, молайтуға, ізденімпаздыққа, қиялын, ойын ұштауға жұмылдырады, сенім-жігерін қалыптастырады. Өз білімін бекітуге үйретеді. Ұйымшылдыққа, отаншылдыққа, достыққа тәрбиелейтін әдістердің ең тиімді түрі, оны мен өз тәжірибемнен үнемі байқаймын. Бұл әдісте дидактиканың 4 ұстанымы қолданылады.

Оқушылар 1. Оқылымды;

2. Тыңдалымды;

3. Айтылымды;

4. Жазылымды толық орындайды. Оқып, тыңдап, көріп, айтып, жазып отыра есте сақтайды. Бұл әдіс баланың ой-өрісін кеңейтуге, білімін тиянақтауға, бекітуге үйретеді.

Мысалы: «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбын 8-сыныпта өткенде осы тақырып бойынша қорытынды сабақты қалай өткізгеніммен таныстырып өтейін.

Сабақтың тақырыбы: Менің Отаным – Қазақстан.

Сабақтың мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру. Міндеттері: а) білімділік – ұжымдық түрде білім алуға баулу; ә) дамытушылық – оқушылардың тәуелсіз қазақ елі туралы алған білімдерін толықтыру, олардың ақыл-жігерінің толысып, дамуына әсер ету, сөйлеу тілін дамыту; б) тәрбиелік – оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу.

Түрі: ұжымдық түрде бірлесіп білім алу. Көрнекіліктер:

1. Қазақстан Республикасының рәміздері (Елтаңба, байрақ, әнұран).

2. Н.Ә.Назарбаевтің портреті.

3. Қазақстанның географиялық картасы.

4. Д.И. Менделеевтің периодтық системасы.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру.

Эпиграф, эпиграфты талдау.

«Елінің даңқын батыры шығарар,

Батыры шығармаса, ақыны шығарар» (мақал),

(Народ славится батыром или акыном).

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы батырымен де, ақынымен де, жазушысымен де, әншісімен де, ғарышкерлерімен де, спортшыларымен де, президентімен де бүкіл әлемге әйгілі, 100-ден астам мемлекет Тәуелсіз ҚР- сын біледі.

2. Жаңа сабақ: - Балалар, бүгінгі сабағымыздың мақсаты: Тәуелсіз Қазақстан Республикасы туралы бұрынғы алған білімімізді толықтыру, оны ұжымдық түрде қорытындылау. Бүгінгі сабағымыз Қазақстан тәуелсіздігінің 22-жылдығына арналады. Сондықтан бәріміз Қазақстан Республикасының әнұранын орындайық.*(Әнұран орындалады).*

Оқушыларға мынадай кіріспе сұрақтар қойылады:

1. Қазақстан Республикасы қашан тәуелсіздік алды?

Жауап: - Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсан күні Тәуелсіз Республика болып жарияланды.

2. Қазақ тілі қашан мемлекеттік мәртебе алды?

Жауап: - Қазақ тілі 1991 жылы мемлекеттік мәртебе алды.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қашан?

Жауап: - Елбасының жарлығымен қазанның 25-сі «Республика күні» деп жарияланды.

4. Қазақстанның қандай рәміздері бар?

Жауап: - Қазақстанның рәміздері: байрақ, елтаңба, әнұран.

5. Елтаңбаның авторлары – Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов.

6. Байрақтың авторы кім?

Жауап:- Байрақтың авторы – Шәкен Ниязбеков.

7. Әнұранның сөзін және сазын кімдер жазды?

Жауап: - Сөзін Жүмекен Нәжімеденов пен Н.Ә.Назарбаев жазған

Сазын шығарған: Шәмші Қалдаяқов.

8. Қазақстанның Елтаңбасы туралы кім айтады?

9. Қазақстанның байрағы, туы туралы кім айтады?

Оқушылардың жауаптарын тыңдаған соң, жаңа сабақтың тақырыбы «Менің Отаным – Қазақстан» екені жарияланады. Сынып оқушылары төрт топқа бөлінеді.

Сабақтың жоспары:

1. Сөздікпен жұмыс.

2. Мәтінді мәнерлеп оқу.

3. Мәтінді аудару.

4. Мәтінге ат қою.

5. Мәтін бойынша сұрақтар қою.

6. Мәтіннің мазмұнын әңгімелеу.

7. Мәтіннен етістіктерді теріп жазу.

8. Отан туралы бір мақал-мәтел айту, ойлау, орысшаға аудару.

9. Қазақстан, Отан туралы білетін бір өлеңді жатқа айту, мәнерлеп айту.

Мәтінде кездесетін жаңа сөздер, сөздік жұмысын жүргізу, оқу, аудару:

Атамекен – земля предков, родина;

Күнгей (оңтүстік) – юг;

Терістік (солтүстік) – север;

Құтмекен – счастливое местожительство;

Кәсіпкер – предприниматель;

Жекешелендіру – приватизация;

Дербес – самостоятельный;

Сыртқы – внешний;

Отар – колония;

Тәуелсіздік – Независимый;

Нарықтық экономика – рыночная экономика;

Елшілік – посольство;

Беделді – авторитетный.

Мәтінді оқи отырып, әр топқа мәтінді азат жол бойынша бөліп беремін.

1-топ. Отан деген не? Бұл сөзді күн сайын естіп жүрміз.

«Отан – отбасынан басталады», - дейді қазақ. Отан дегеніміз – адамның туып-өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын атамекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы.

Қазақ халқының атамекені – көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі – Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі – Қырғыстан, Өзбекстан, Түркменстан

республикаларына шектеседі. Көлемі бес Францияға, он екі Бельгияға пара-пар елдің жерінде алуан түрлі өсімдіктер мен жан-жануарлар бар. Менделеев ашқан кестеде көрсетілген химиялық элементтердің бәрі қазақ даласынан табылады.

2-топ. 1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан Тәуелсіз Республика болып жарияланды.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстанның елбасшысы – Президентін сайлау болды. Тұңғыш Президент болып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиясы Республиканың Елтаңбасын, Мемлекеттік туын және Әнұранын бекітті. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

3-топ. Осы күнге жету үшін қазақ халқы талай қиындықты басынан кешірді. Екі жүз жылға жуық патшалы Ресейдің отары болды. Ал соңғы 74 жылда кеңес мемлекетінің құрамында болып, дербестікті де, тәуелсіздікті де мүлде жоғалтты. Дербес Тәуелсіз ел болу деген қандай бақыт!

Елдің өз құқы – өз қолында. Дүние жүзінің жүзден астам елі Қазақстанды Тәуелсіз мемлекет деп таныды.

4-топ. Қырықтан астам елмен жан- жақты қарым- қатынас жасап отыр. Бірнеше мемлекетте Қазақстан Республикасының елшілігі бар. Қазақстан көптеген дүниежүзілік, халықаралық ұйымдарға мүше болды. Соның ішінде ең беделдісі – Біріккен Ұлттар Ұйымына /БҰҰ/ мүше. Қазақстан нарықтық экономикаға біртіндеп көшіп келеді. Жекешелендіру,

кәсіпкерлік, сыртқы экономикалық байланыстарды нығайту жолында шешуші қадамдар жасала бастады.

Әр топтан бір оқушы мәтінді мәнерлеп оқиды, ал әр топтағы екінші оқушы азат жолға ат қойып, сұрақтар әзірлейді. Әр топтағы үшінші оқушы өздеріне берілген азат жол бойынша етістіктерді теріп жазады.

Топтағы бір оқушы Отан туралы мақал- мәтел айтса, ал бір оқушы Отан туралы білетін тақпағын оқиды.

Берілген сұрақтарға әр топтың оқушылары мәтінді пайдалана отырып ауызша жауап қайтарады, етістіктерді дәптеріне жазады. Топ бойынша бір-бірімен сұрақтар алмасады. Әр топтан 2-3 оқушы берілген азат жолды әңгімелейді. Әр топ өздеріне берілген тапсырманы меңгеріп болып, келесі топпен тапсырмаларын алмастырады.

3. Сабақты қорытындылау. Оқушылардың өздеріне қорытынды жасату. Мұғалім толықтырады.

Поэзиямен байланыс: «Мен – қазақпын» (Ж.Молдағалиев) өлеңі оқылады.

Оқушылар дәптерлеріне төмендегі сөйлемдерді жазады:

1. Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіз Республика болып жарияланды.

2. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда Елбасы болып сайланды.

3. 1992 жылы Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілді.

4. Қазақстанның жаңа Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

5. 25 қазан – Республика күні.

6. Қазақстан – көп диаспоралы Республика.

7. Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

«Қазағым менің» әні орындалады. Сөзін жазған: Н.Ә.Назарбаев. Сазын шығарған: Бекболат Тілеухан.

4. Мұғалім сабақты қорытып, оқушылардың біліміне баға қояды.

Осы тапсырма бойынша топтағы әр оқушы жұмыс істейді. Сыныптағы барлық оқушылар қамтылып, жаңа тақырыпты талдай отыра, жан-жақты түсінік беріп, айтады, оқиды, жазады, көреді, қайталап, тыңдай отыра сөйлеу тілдері дамып, есте сақтайды, сөздік қорлары молаяды. Өздеріне-өздері сенімді болып, қорықпай, күдіктенбей, түсінгенін, білгенін айтып үйренеді, қалыптасады. Өздеріне деген сенімдері бекиді. Ұжымдық оқытудың тиімділігі – осында. Осылай балалар өздерін бағалай отыра, сенімдері нығаяды. Бір жағынан оқушыларды шығармашылық жұмыспен айналысуға үйретеді.

Қорыта келгенде, нәтижелі жұмыстардың негізінде, өзіндік пікірі бар, ой-өрісі, тұжырымдары бар оқушылар рефераттар, баяндамалар, альбом, жоба жазып, буклет жасап, оны қорғайды, сызба сызып, сөзжұмбақ құрайды. Өздері әр қырларынан көрінуге, білімдерін көрсетуге дағдыланады, бірақ, әттең, сөз байлықтары, сөйлемдерді құрауы, орын тәртібі сақталмауы сай келмейді. Бізге алдағы уақытта осы мәселе бойынша жұмыс жасау міндеті тұр. Қазақ тілі мұғалімдеріне жүктелген мемлекеттік тілді дұрыс оқыту – үлкен жауапкершілігі мол жұмыс, ендеше осы жолда атқарып жүрген жұмыстарымыз әрқашан мәнді де нәтижелі болсын дегім келеді.

«Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», - деген М.О.Әуезов.

Таза ана тілінде сөйлеңіздер, шәкірт бойына ана тілінің құдіретін, қасиетін сіңіріңіздер дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Г.Ривин. «Ұжымдық оқыту технологиясы». 2000.
2. А.Шаймерденов. «Тіл – асыл қазына». «Қазақ әдебиеті және әлем әдебиеті» журналы, №5, 2006.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауынан үзінді. 2008.



Индира МҰРАТОВА,
Ақсай қаласындағы
№4 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы.

КЕМБРИДЖ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Бағдарламаның негізгі міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан білім беру мен оқытудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің

күнделікті тәжірибесі және кәсіби мән-мәтінмен өзара байланыста қарастырылады. Бағдарлама барысында педагогикалық әр түрлі аспектілер талқыланады. Бағдарламаның негізгі қағидаты тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады.

«Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курсы» оқып келгеннен кейін мектептегі іс-тәжірибеде жаңа тәсілдерді пайдаланып, сабақтар бере бастадым.

Мен бұл курстан көп нәрсені білдім, үйрендім. Енді мен өз сабақтарымда осы курста оқытқан жеті модульді үлгергенімше пайдаланып өткіздім. Олар: диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау, ақпараттық-коммуникациялық технология, талантты және дарынды балаларды оқыту. Барлық сабақтарымда диалогтік оқыту – сұрақ-жауап әдісін қолдандым. Оқушылар жоғары – төмен дәрежелі сұрақтарға жауаптар беріп отырды.

«Жай сөйлемнің түрлерін қайталау» тақырыбында сабағым өтті. Үйренгенімдей сынып оқушыларын топтастырдым. Топ ережесі бойынша өздерін реттеп отырды, топтарға Блум өлшемдерінің білу, түсіну, талдау, қолдану, жинақтау, бағалау тапсырмалары берілді, әр топтан оқушылар берілген диалогтарын оқып шығып, жай сөйлемнің түрлерін тапты, талдады. Осы тапсырмадан кейін оқушылар түрлі деңгейдегі тапсырмалар, семантикалық кесте, тест жұмысы, Венн диаграммасы бойынша тапсырмалар орындады. Әр топ оқушылары жауап беру арқылы тақырыптан алған білімдерін саралап, өзара бағалау

арқылы бірін-бірі бағалап жатты, мәтіндегі кейбір назар аудармаған, түсініксіз сөздерді бір-біріне түсіндірді. Сабаққа белсенді қатысып отырды. Әрине, мұғалімнің жетекшілігі, бағыт беруі бұл жерде өте маңызды. Менің ойымша, сынып оқушыларының арасында диалог болды. Диалогтік әдіс арқылы тақырып бойынша өз ойларын білдіруге толық мүмкіндік алды.

Сыни тұрғыдан ойлау әдісі оқушылардың, мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамытады. Яғни, оқушыларға қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды жинақтау (синтездеу), ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілетін жетілдіреді. Мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану, бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бақылауды қамтиды.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады. Оқушыларға Блум өлшемдері бойынша семантикалық кесте, Венн диаграммасын толтыру (жақты, жақсыз; толымды, толымсыз; жалаң, жайылма), 15 сұрақтан тұратын тест жұмысы берілді. Осы тапсырмаларды орындауда сынып белсенді қатысты. Берілген Венн диаграммаларын салыстыра отырып толтырды. Әрі қарай сабақта оқушыларға осылай сыни тұрғыдан ойландыратын тапсырмалар берілсе, оқушылардың ойлары сыни тұрғыдан әрі қарай жетіліп, қалыптасады деп ойлаймын. Сыни ойлаудың нәтижесінде оқушының дүниеге өзінің көзқарасымен қарауға мүмкіндік берді, сонымен

қатар есте сақтау жадында ұзаққа сақталады деген ойдамын.

45 минут сабақта барлық оқушының білім дәрежесін білу жалғыз мұғалімге қиындықтар туғызады. Сол себепті қазақ тілі сабақтарында оқушылардың өзара және өзін-өзі бағалау формаларын енгізу маңызды рөл атқарды.

Мектептегі тәжірибе кезінде 10в сыныбында өткен тақырыптарымда бағалау бойынша әр сабағымда оқушыларға өзін-өзі бағалауын енгіздім. Ол үшін бағалау парақтарын жасап, әр топтың алдына бердім. Жаңа сабақ бойынша жұптық жұмыс, топтық жұмыс, жаттығуларды орындау бойынша өздерін бағалап және қорытынды баға ұсынады.

1, 2-сабақтарымда оқушылар «кұттықтау, жарнама» іс-қағаздар тақырыбы бойынша флип-чаттарға өз ойларын керемет фантазияларымен салып, қорғады.

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тиімді де маңызды екені белгілі. Оқушыларда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы алған ақпаратты алу, бағалау, өндіру, алмасу, интернет желісінде бірлесіп жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында электрондық оқулықтарды пайдалану, интерактивті тақтамен жұмыс, мектептегі технологиялар: бейнебағдарламалар, бейнефильмдер, интернет / www, компьютер, ноутбуктар, т.б. үнемі пайдалануға толық мүмкіндіктер бар. 2,3,4,5-сабақтарымда АКТ-ны қолдандым, яғни, оқушылар интерактивті тақтада кластерлік топтастыру әдісін,

Венн диаграммаларын, ұяшықтар ашу бойынша жұмыстанды. 4-сабағым Блум өлшемдері (білу, түсіну, қолдану, жинақтау, бағалау) бойынша жұмыстанды.

5-сабағым интерактивті тақтада жылдық қайталау сайыс түрінде өтті. Оқушылар топ болып жарысып, түрлі тапсырмалар орындап отырды. Барлық сабақтарымда оқушылар топқа бөлініп жұмыс жасады. Әр сабақтарда бағалау парақтары беріліп, оқушылар өз-өздерін бағалады. Сабақтарымда оқушылар түрлі деңгейдегі кәртішкелермен, семантикалық кестелермен, Венн диаграммаларымен, тест тапсырмаларымен жұмыстар жасап отырды. Оқушыларыма топтық жұмыстар, АКТ қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, флипчарттар өте ұнады. Ұнағандарын өздерінің рефлексияларынан көруге болады.

Жалпы, орта мерзімдік жоспар құру кезінде барлығын қоса алғанда бағалау, соның ішінде дарынды, қабілеті жоғары оқушылардың оқып-үйренгендігін, тақырыпты қаншалықты меңгергенін білу үшін деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыстағы көшбасшылық, жеке тапсырмаларды кірістіру маңызды. Бұдан біз оқушылардың есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетінің жылдамдығын, мәселені шешуге ұмтылуын, икемділігін, күрделілікке сүйіспеншілігін, белсенділігін анықтай аламын деп ойлаймын.

Бұл іс-әрекеттер барлық оқушылардың сабаққа қатысуына, соның ішінде талантты және дарынды оқушыларға қосымша мүмкіндік береді.

Сабақтарымда қабілеті жоғары оқушыларды деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыс, Блум өлшемдері, жеке тапсырмалар беру арқылы анықтап алдым. Мысалы: 10в сыныбында өткізген сабақтарымда Зарина, Настя, Анеля, Жанар атты оқушылардың қабілеттері жеке, топтық, арнайы тапсырмаларды орындау жұмыстарында көрінді. Мысалы, «Жарнама» тақырыбында өткен сабағымда Настя топта жұмысты ұйымдастырып отырумен қатар, флипчартқа салған жарнамасын жоғарғы деңгейде жарнамалап шықты. Сонымен қатар, жай сөйлемнің түрлерін қайталауда Блум өлшемдеріне салып өткізгенде барлық тапсырмаларды талапқа сай орындап шықты. Өзінің ұшқыр ойын көрсете алды. 10в сыныбының тұсаукесерін (презентациясын) жасауда да, үй жұмысына слайд құруға жеке тапсырмалар берген кезде де, Настя келесі сабаққа өте жақсы тақырыпқа сай слайдтар дайындап келді. Тұсаукесер тақырыбы: «Қазақ тіліндегі оқушылардың белсенділігі». Ол өзінің тұсаукесерін жан-жақты сипаттап, нақты тұжырым жасай алды. Оның слайдтарын сынып оқушылары қызыға тыңдады, тамашалады және оларды Настяның тұсаукесері қызықтырғанын байқадым. Жылдық қайталау – «Өнер алды – қызыл тіл» атты сайысында да Настя өзінің шығармашылық қабілетін көрсете алды. Яғни, суретке қарап әңгіме құрастырды, тест сұрақтарының барлығына жауап берді, түрлі тақырыпта берілген ұяшықтардағы сұрақтарға дұрыс, нақты жауап беріп отырды.

Заман талабына сай қазіргі білім беру үрдісінде

түбірлі өзгерістер болып жатқаны белгілі. Оқу үрдісі уақыт талабымен қаншама өзгермесін, тек ұстаз ғана оның мазмұнын оқушы санасына сіңіре алады. Жас жеткіншектерді білім нәрімен мол сусындату үшін мұғалім білімді, жан-жақты білім нәрімен қаруланған тұлға болуы шарт.

Мектептердегі өзгерістердің қорытынды идеясы адамдарға әсер етумен байланысты. Әдетте, адамдар өздері қандай болса, сол қалыпта қалуды дұрыс деп санайды. Негізі өзгеру, өз өміріне өзгеріс енгізу – қай адамға да қиын іс. Сол сынды мектепте бірнеше жыл еңбек еткен, өз тәжірибесі қалыптасқан ұстаз қауымына, әрине, бұл жаңашылдықты өз тәжірибесіне бірден енгізіп, жұмыстанып кету оңай емес. Бірақ уақыт талабына сай мұғалім де өзгеруі, жаңашылдыққа бет бұруы керек.

Мұғалім, ата-ана, оқушылар, жалпы мектеп өз тәжірибелерін жетілдіру үшін қатысатын үдерісті басқару мен басшылық етуден тұрады. Дамыту бойынша жүргізілетін жұмыс үдерісі басқаларды серіктестікке тартып, рефлексия мен өзін-өзі бағалауға қатыстыратын тапсырмаларды қамтиды. Бұл үдерістер ауқымы мен көлемі бойынша азғантай ғана болуы мүмкін, бірақ олар педагогикалық пікірталас қалыпты жағдай деп саналатын ортада мәдениеттің қалыптасуы мен жаңаруына үлес қоса алады. Жалпы педагогикалық бағыт бойынша сапалы даму жұмысына: жаңа технологияларды сынақтан өткізу, бағалау, талқылау және шолу жатады. Олардың барлығының әсері түрліше болады. Мысалы: мен қазақ тілі пәні бойынша өз іс-тәжірибем барысында

осы топтастыру, жұптау, талдау, бағалау сияқты сабақтың тиімді әрекеттерін сабақта қолдандым. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін әңгімелесудің ең тиімді тәсілі арқылы оқушының бойындағы гуманитарлық ой-ізденісін аша алатындай, саяси-рухани сауаттылығын тиімді пайдалана алатын пән ретінде танымын. Көптеген мұғалімдер өз тәжірибесін жетілдіруді жақсы бастама деп санайды, егер жоба басынан нәтижелі болып, әріптестерін қызықтыра алса, онда бұл өзгерістер мектепте кеңінен қолдау тауып отырады.

Қорытындылай келе, осы бағытта желілік қоғамдастық арқылы біз идеяларымызбен бөлісе және оны әрі қарай дамыта аламыз. Мұндай бірлескен жұмыс өз мектептерінде тәжірибені таратуға ғана емес, сонымен бірге басқаларға мұғалімдерді иландыра алатын кәсіби білімнің негізін құрастыруға көмектеседі. Жалпы шебер педагог кез келген сабағына өз іс-әрекетін тиімді қолдана алса, қай сабақта болмасын, ол жаңа технологияның жаңа бір ашылған қырсырына тең болады деп тұжырымдаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Alexander, R., (2001). Culture and pedagogy. [Культура и педагогика.] Wiley-Blackwell Assessment.
2. Wolfe, S. & Alexander, R.J., (2008). 'Argumentation and dialogic teaching: alternative pedagogies for a changing world'. [Дәлелдеу және диалогтік оқыту: өзгермелі өмірге арналған балама педагогика.].
3. Mishra, P., & Koehler, M.J., (2006). «Технологиялық педагогикалық мазмұндық білім: мұғалімнің білімі үшін құрылым».

Гүлшат МЫРЗАХАТОВА,
Алматы қаласындағы
№117 жалпы білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілін үйрету үшін оқушыларға әр сыныпта тілдің белгілі бір шамадағы сөздік қорын меңгерту және сол сөздерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға, яғни, ауызекі тілде дұрыс қолдануға дағдыландыру жұмысы тиімді ұйымдастырылуы керек.

Ол үшін оқушылар қазақ тілінің грамматикалық құрылысын жақсы меңгеруі қажет. Қазақ тілін оқу, өзге ұлтқа оқыту мәселесі кейінгі кезде қолға алынғандықтан, қазақ тілінен әр сыныпқа қажетті сөзді, грамматикалық материалды сұрыптап алу да, оны қалай оқыту мәселесі де ғылыми негізде зерттеліп анықталмаған. Лексикалық материалдарды сұрыптауда сөздің төмендегідей қасиеттеріне ерекше көңіл бөлу қажет: сөздердің қолдану жиілігі, сөздердің жеңіл-қиындығы, сөздің синонимдік қасиеті, сөздің тақырып қажетіне сәйкестігі, екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу, сөздің сөзжасамдық қабілеті, сөздің, тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы, сөздің оқулықта қайталану

жиілігі. Әр сабақ сайын тек қана жиі қолданатын сөздерді алу мүмкін бола бермейді. Сөз таңдау түрлі жағдайларға байланысты. Мысалы, әр сабақта белгілі тілдік материалдар беріліп отырады. Олар сабақта қандай сөздің алынуына өзінше әсер етеді. Қазақ тілінің ерекше дыбыстарын өтуге байланысты сол дыбыстар қатысатын сөздерді де жиі қолданатыны түсінікті, бірақ ол әр уақытта мүмкін бола бермейді. Мұнымен бірге тіл үйрену оқытушының шеберлігі, тілді үйренушінің ынтасы болу керек. Мен өз тәжірибемде қазақ тілін тереңдетіп оқытудың ерекшеліктерімен жұмыс жасап келемін.

8-сыныптың бір тобында қазақ тілі пәнін тереңдетіп оқыту жұмыстары жүргізілуде. Оның басты себебі оқушылардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдерінің болуы және өзге ұлт өкілдерінен тұратын оқушылар білімінің тереңдігі.

Бұл топта қазақ тілін тереңдетіп оқытуда мынандай мәселелер басшылыққа алынды:

1. Сауатты жазуға үйрету (диктант, мазмұндама, шығарма).

2. Іс қағаздарын жаза білуге дағдыландыру.

3. Оқушылардың сөз байлығын көбейту.

Қазақ тілін тереңдетіп оқытуда оқушылардың ізденіс жұмыстары ерекше орын алды. Мұнда оқушылар газет мәтіндерімен көп жұмыс жүргізуде. Әр сабақ сайын оқушылар жұмысы таңдап алған тақырыптары бойынша өзара сұхбаттан басталады, яғни, әрбір оқушы бір жаңалық хабар даярлауы қажет. Сол бойынша сұрақтар беріледі. Бұл

күнделікті өмірмен байланысты болғандықтан, оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттыра түседі.

Оқушылардың сөз байлығын көбейтуде жүргізілетін басты жұмыс түрі – көркем әдебиетті пайдалану.

Өтілетін тақырыптарға байланысты, мысалы, ақын-жазушылар туралы өткенде, олардың шығармаларынан үзінділер алынады.

Әсіресе, өлеңдерді құр жаттау емес, ең алдымен, оның мазмұнын өз сөзімен баяндап беруге ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл – оқушыларды өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландырады.

Сауатты жазуға үйретуде, көбінесе, мазмұндама мен шығарма жазылады.

Егер шығарма жазу үйге тапсырылса, онда сабақта оның мазмұнын әңгімелеп берулері тиіс. Сонымен қатар, сабақта омоним, синоним, антоним сөздермен және тұрақты тіркестермен жұмыстар да үзбей жүргізіліп тұрады.

Осы жұмыстардың басты мақсаты – мемлекеттік тілді жете меңгерту. Сондықтан оқушылардың бойында тілге, оның тарихына, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықтарын арттыра түсу қажет.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі».

Гүлбану ЖҮНІСОВА,
Ақтау қаласындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫНЫҢ ЖАЗБА САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сауатты жазу дегеніміз – грамматиканы білу. Сондықтан орфография грамматикаға негізделіп оқытылады. Оқушыға грамматика мен орфографияны оқыта отырып, белгілі бір сөздің неліктен осылайша жазылатынын түсіндіреміз. Оқушы өз кезегінде өтіліп отырған орфограмманы есту, айту, көру және жазумен ғана шектелмейді, грамматикалық әрекеттерді орындайды. Ережені пайдалану тәсілдері мен бақылау жасау тәсілдерін белгілейді, қандай жағдайда қалай жазу керектігін саралайды.

Сауатты жазу жолында көшіріп жазу, диктант, мазмұндама, шығарма жұмыстары бірнеше амалдармен орындалады. Мәселен, мәтінді көшіріп жазу, көп нүктенің орынына әріп жазып көшіру, сөзді өзгерте жазып көшіру, т.б. Бұл жұмыстардың диктант жазуда оқушыға көмегі орасан зор. Сауатты жазудың алғышарты – үндестік заңының меңгерілуі.

Фонетиканың “Үндестік заңы” деп аталатын тақырыбы орфографиялық мақсатты көздейді. Буын үндестігі заңы бойынша, түбір сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болып келуіне байланысты


қосымша да жуан не жіңішке болып үйлесуі шарт. Алайда тілімізде буын үндестігі сақталмайтын сөздердің бар екенін, яғни, кірме сөздер мен кейбір қосымшалар бұл заңға бағынбайтынын орыстілді оқушының түсінгені абзал. Дыбыс үндестігі бойынша түбір сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді не ұяң дауыссыз болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы үнді не ұяң болады, түбір сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның басқы дыбысы қатаң болады. Бұл заңдылықты білу сөзге қосымша жалғауда оқушыға бірден-бір көмек болмақ.

Келесі тәсілдер арқылы оқушының жазба сауаттылығын арттыруға болатынын айтқым келеді.

Жазба жұмысын орындаудан бұрын тақтаға былай жазу керек. 1. А, О, Ы, Ұ – Қ, Ғ
ә, ө, і, ү, е – к, г,

Мұнда, негізінен, екі қатардағы дыбыстардың бір сөзде кездеспейтінін, қ, ғ дыбыстарының тек жуан сөздерде, ал к, г дыбыстарының жіңішке сөздерде кездесетінін оқушы түсініп отырады.


-ң – орыс аудиториясында қиындық тудыратын дыбыс. Оқушы көп жағдайда н мен ң дыбысын ажырата алмайды. Осы қателікті болдырмау үшін тақтаға былай жазу керек.

2. Ң –  жіктік жалғауы, II жақ
(оқушысың, бардың, барсаң);
тәуелдік жалғауы, II жақ
(мектебің, достарың);
ілік септігі жалғауы
(оқушының, досымның).

Жіңішкелік белгісін оқушы жіңішке сөздердің соңына жазып қоятын жағдай жиі кездеседі. Осы қателікті жою мақсатында тақтаға:

3. Гүль, кель, жель, әкель, деп жазу арқылы қазақтың төл сөздерінде жіңішкелік белгісі жазылмайтынын, сөз құрамындағы жіңішке дауыстылардың әсерінен сөздің жіңішке естілетінін естеріне сала кету керек.

Көп жағдайда оқушылар ш мен щ-ны ажырата алмайды. Щ дыбысының қазақтың келесі түбір сөздерінде кездесетінін төмендегі сызба арқылы көрсету керек.

4. Щ  ашы
тұщы
кеще

Оқушылардың жазу жұмыстарын мұқият тексеріп отыру олардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Оқушылардың қазақ тілін еркін және дұрыс меңгеруі, сауатты жазуы жазба жұмыстарды үнемі түзетіп отырумен тығыз байланысты. Мұғалімнің әрбір тексеруі оқушыға барлық жағынан әсер етуі тиіс. Мұғалімнің қателерді түзетуі оқушылардың орфографияны түсінуге деген белсенділігін арттыруы керек. Жұмыстың табысты болуы көп жағдайда осыған байланысты.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген тәсілдерді мұғалім іскерлікпен, орфографиялық қателердің сипатына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізсе, сауатты жазуға үйрететіні сөзсіз.

Анар СИДАГАЛИЕВА,
преподаватель Каспийского государственного
университета технологий и
инжиниринга им. Ш. Есенова.

ОСОБЕННОСТИ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ В КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ

Речь – это способ общения между людьми. В любом языке есть особые лексические единицы, придающие языку национальный колорит, выразительность, яркость, точность, образность, эмоциональность. Этими лексическими единицами являются фразеологизмы – устойчивые обороты речи, имеющие самостоятельное значение и свойственные определенному языку, которые играют большую роль в развитии речи, обогащении словарного, лексического запаса студентов и школьников, а также для повышения речевой культуры. Фразеологизмы не создаются в процессе общения, а являются готовыми, воспроизводимыми единицами. Сравнить: *сходить с лестницы, с трибуны и сходить со сцены (покидать поле деятельности).*

В школьном курсе фразеологизмы систематически не изучаются. Поэтому большинство студентов не имеют элементарного представления об особенностях фразеологических оборотов.

Для формирования навыков лингвистического анализа текста необходимо работать с текстами различных стилей речи. Обучающиеся с интересом выделяют фразеологизмы в текстах, определяют их стилистическую роль в предложениях, обозначают лексическое значение. На следующем этапе изучения фразеологизмов необходимо познакомить студентов и школьников с фразеологическими словарями и справочниками.

Главное условие правильной речи – использование фразеологизмов в соответствии с их точным лексическим значением. Недопустимо искажение смысла устойчивых сочетаний. Часто фразеологическое выражение представляет собой законченное предложение с утверждением, назиданием или выводом. Особую группу фразеологических оборотов составляют пословицы, поговорки, крылатые выражения, например: 1) *Шила в мешке не утаишь.* 2) *Счастливые часов не наблюдают.* 3) *Не в коня корм.*

Часто, чтобы добиться некоего речевого эффекта, простых слов бывает недостаточно. Иронию, горечь, любовь, насмешку, свое собственное отношение к происходящему – все это можно выразить гораздо точнее, эмоциональнее. Мы часто используем фразеологизмы в повседневной речи, некоторые из

них знакомы с детства: *выйти из себя* (возмутиться, разозлиться), *втирать очки* (обманывать), *кровь с молоком* (здоровый, цветущий). Многие из фразеологизмов пришли к нам из древних языков, эпох, сказок, легенд: *лебединая песня*, *беречь как зеницу ока*, *вавилонское столпотворение*, *вычистить авгиевы конюшни*, *прокрустово ложе*, *отложить дело в долгий ящик*, *кричать во всю ивановскую*. Некоторые фразеологизмы перешли из профессиональной речи: *попасть в тон*, *играть первую скрипку*, *овчинка выделки не стоит*, *разделить под орех*.

Употребление фразеологизмов в речи подчиняется исторически сложившимся правилам. Отклонения от общепринятых норм допустимы в тех случаях, когда говорящий или пишущий стремится достичь определенного стилистического эффекта. Если нормы нарушаются в результате незнания лексического значения или особенностей употребления того или иного фразеологизма, возникает ошибка, неточная передача информации: 1) *Правда, заключенная в стихах поэта, бьет в лицо*. Надо: «бьет в глаза» в значении «выделяется, привлекает внимание». 2) *Жизнь в поселке была горячим ключом*. Необоснованно включено слово «горячий», нарушен состав фразеологического оборота «бить ключом», то есть «бурно проявляться».

При изучении фразеологизмов особенно важно выявить трудности употребления фразеологических единиц в речи.

Выделяют три типа фразеологизмов:

1. Фразеологические сокращения – устойчивые сочетания, обобщенно-целостное значение которых не выводится из значения составляющих их компонентов, то есть не мотивировано ими с точки зрения современного состояния лексики: *попасть впросак*, *заморить червячка*, *бить баклуши*, *собаку съест*, *с бухты-барахты*, *как пить дать*, *куда ни шло*.

Мы знаем, что такое «просак» (так в старину называли станок для плетения сетей), мало понимаем значения слова баклуши (деревянные заготовки для ложек, изготовление которых не требовало квалифицированного труда). Однако целостное значение этих фразеологизмов понятно каждому человеку.

2. Фразеологические единства – устойчивые сочетания, обобщенно целостное значение которых отчасти связано с семантикой составляющих их компонентов, употребленных в образном значении: *зайти в тупик*, *бить ключом*, *плыть по течению*, *вылететь в трубу*, *заткнуть за пояс*, *держат камень за пазухой*, *прикусить язык*, *вставлять палки в колеса*, *взять с потолка*, *подливать масла в огонь*. Такие фразеологизмы могут иметь «внешние омонимы», то есть совпадающие с ними по составу словосочетания, употребленные в прямом значении. Например: Нам предстояло плыть по течению реки пять дней.

В отличие от фразеологических сращений, утративших в языке свое образное значение, фразеологические единства всегда воспринимаются как метафоры или другие тропы: *как банный лист, как на иголках, как корова языком слизала, как коровье седло, как гром среди ясного неба, железная хватка, хвататься за соломинку, с маковое зернышко, море удовольствия, золотые горы.*

Некоторые фразеологические единства обязаны своей экспрессивностью шутке, положенной в их основу: *дырка от бублика, без году неделя, зарезать без ножа, сам не свой.* Выразительность некоторых фразеологизмов строится на игре антонимов: *ни жив ни мертв, ни дать, ни взять, черным по белому, более или менее;* на столкновении синонимов: *ум за разум зашел, вокруг да около, из огня да в полымя, ахать да охать.* Есть фразеологические единства, которые представляют собой описательные образные выражения, заменяющие одно слово: *за тридевять земель – далеко, звезд с неба не хватает – недалекий, косая сажень в плечах – могучий, сильный.*

3. Фразеологические сочетания – устойчивые обороты, значение которых мотивировано семантикой составляющих их компонентов, один из которых имеет фразеологически связанное значение: *щекотливый вопрос* (ситуация, положение, обстоятельство). Прилагательное *щекотливый* означает «требующий большой осмотрительности, такта», но нельзя сказать «щекотливое положение, щекотливое решение». *Потупить взор* (в языке нет устойчивых словосочетаний «потупить руку»,

«потупить ногу»). Глагол *потупить* в значении «опустить» имеет фразеологически связанное значение и с другими словами не сочетается.

Фразеологически связанное значение таких фразеологизмов реализуется только в условиях строго определенного лексического окружения. Мы говорим «бархатный сезон», «собачий холод», «зеленая тоска», «белые стихи», но не говорим «бархатный месяц», «собачий мороз», «зеленая печаль», «белая проза».

Фразеологические сочетания нередко варьируются: *насупить брови – нахмурить брови, потерпеть крах – потерпеть фиаско, сгорать от нетерпения – сгорать от стыда, страх берет – злость берет.*

В категорию фразеологических выражений попадают такие речевые штампы – устойчивые формулы, как «всего хорошего», «до новых встреч».

Первая отличительная черта фразеологизмов заключается в том, что они состоят из двух и более слов. Вторая черта фразеологизмов – устойчивость компонентного состава: нельзя произвольно заменять слова, так как в составе фразеологизмов они теряют лексическую самостоятельность и служат связными компонентами во фразеологическом значении. Сравнить: *ломать палку и ломать голову* (напряженно думать), *резать хлеб и резать ухо* (не нравится, неприятно на слух), *чесать затылок и чесать языком* (много говорить, попусту) *бить по дереву и бить баклуши* (бездельничать). Третья черта фразеологизмов – это целостность значения: *работать засучив рукава* (хорошо, старательно), *спустя рукава*

(небрежно), прийти в замешательство (растеряться), броситься очертя голову (не раздумывая), закадычный друг (близкий), белые мухи (снег).

Словосочетание, представляющее собой фразеологизм, является единым членом предложения. Так, в предложении «Мы остались с носом» фразеологическое сращение «остались с носом» - сказуемое.

Правильное владение фразеологией способствует углублению коммуникативных навыков студентов, делает их речь выразительной, эмоциональной, создает предпосылки для более высокой степени осмысления художественных, публицистических, научных текстов, непринужденной разговорной речи.

Фразеология научного стиля характеризуется наличием составных терминов (солнечное сплетение, прямой угол, точка пересечения, точка кипения, звонкие согласные, причастный оборот), а также различного рода клише (состоит из..., заключается в..., представляет собой..., применяется для... и т. п.).

При чтении текстов знание, понимание и правильное употребление фразеологизмов является одним из показателей грамотного владения языком.

Изучение фразеологических единиц русского языка эффективнее строить, используя перевод устойчивых сочетаний на родной язык, то есть на казахский язык для полного их осмысления.

Например, получать голоса – дауыс алу, оставить в дураках – ақымақ ету, бить в глаза – көзге ұрып тұру, в глазах потемнело – көзі карауыту, беречь как зеницу ока – көздің карашығындай сақтау, готовые

мысли – дайын ой, годы подошли – жас келіп қалды, говорить по душам – сыр шертісу, давать волю рукам – жұдырық жұмсау, ломать голову – бас қату, намылить голову – балағаттау, быть на седьмом небе – төбесі көкке жеткендей болу, лясы точить – көп сөйлеу.

Общей чертой русского и казахского языков является наличие большого количества фразеологических единиц, содержащих компонент «белый цвет».

Белый цвет во фразеологических оборотах рассматриваемых языков могут обозначать такие положительные качества человека, как честность, справедливость, порядочность, искренность и добродушие: иметь чистую совесть, белая душа – чистая, безгрешная душа, *ақ көңіл - честный, искренний, открытый и добродушный человек.*

В казахском языке большинство фразеологических единиц, этимологическим источником которых является английский, возникают и формируются в зависимости от исторического прототипа. Переход фразеологических единиц не прямо, а через язык-посредник ведет к изменениям на различных уровнях структуры.

В казахском языке значение порядочности, справедливости и честности передают фразеологизмы *«адал сұт емген»* – порядочный, воспитанный человек, *«жібі түзу»* – быть честным, *«қара қылды қақ жарған»* – быть справедливым, *«ешкімнің ала жібін аттамау, әділ ұстады»* – быть порядочным, *«Наушаруандай әділ»* – быть справедливым, честным. Фразеологический оборот *«қара қылды қақ жарған»*, что дословно

переводится как «*рассекающий пополам конский волос*» – т.е. справедливый, в своем лексическом составе указывает на сферу национальной культуры: лошадь для казахов занимает важное место не только в традиционном хозяйстве, но и в материальной и духовной культуре казахского народа. Значение лошадей было обусловлено прямой зависимостью жизни от наличия и количества этих домашних животных. Справедливость выражена и во фразеологической единице «*Наушаруандай әділ бол*» – будь справедливым, как Наушаруан (Ануширван). Имя *иранского правителя в V в.н.э.*, отличавшегося, согласно легендам, мудростью и *справедливостью*, стало нарицательным для образа *справедливого* царя. Имя Ануширвана отличавшегося, согласно легендам, мудростью и справедливостью, стало нарицательным для образа справедливого царя и послужило возникновению фразеологизма быть справедливым, как Ануширван. Честность выражена словосочетанием «*жібі тузу*» – дословно «прямая нить, прямой, как нитка». В обычаях и поверьях у казахов присутствуют нитки, веревки, ведь пряжа, вышивка занимает значительное место в прикладном искусстве у казахов. Ценность порядочности передает в казахском языке также фразеологическое сращение «*адал сүт емген*», слово «сүт» означает «молоко», т.е. мировоззрение у человека белое, чистое, как молоко матери. Таким образом, в казахском языке фразеологизмы отражают национальную культуру.

Таким образом, изучение русской фразеологии необходимо включать в вузовский курс. Это позволит студентам расширить свои представления о русском языке, овладеть навыками правильного употребления фразеологизмов в речи.

Рассмотрение и изучение способов перевода фразеологических единиц в сопоставлении казахского и русского языков является одним из важных вопросов в языкознании.

Использованные литературы:

1. Н.К.Гарбовский. Сопоставительная стилистика профессиональной речи. М., Московский университет, 1988.
2. М.В.Никитин. Основы лингвистической теории значения. М.: Высшая школа, 1988.
3. З.К.Ахметжанова, Т.У.Жолтаева, А.М.Ибатов. Краткий казахско-русский словарь. / Под общ.ред. Ш.Ш.Сарыбаева. А-А., 1987.
4. Л.К.Жаналина. Сопоставительное словообразование русского и казахского языков. А., 1998.
5. Э.Д.Сулейменова. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. А., Демеу, 1996.
6. З.К.Ахметжанова, Р.Е.Валиханова. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. А., 1999.
7. Фразеологический словарь русского литературного языка: В 2т./ Сост. А.И. Федоров. М.: Цитадель, 1997.

**Перизат МАЗИНА,
Қарағанды облысының
Қарқаралы ауданындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

ТЫЙЫМ СӨЗДЕР – ТӘРБИЕНІҢ ӨЛШЕМІ

Қазақы тыйым сөздердің тәрбие негізі екені белгілі, бұл мақалада олардың нақты қандай тәрбие беретініне тоқталғым келеді.

Қазақтың әдет-ғұрыптарындағы тәлім-тәрбиенің негізі болатын тыйым сөздердің мағынасын түсіне отырып, халық ауызында, хадистерде, би-шешендердің даналық ойларында кездесетін тыйымдарды жинақтап, тәрбие түріне топтастырсақ, сол арқылы жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандыруға және адамгершілік, имандылық, әдептілік қағидаларын насихаттауға болады.

Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақтарының адал жанды, әдепті, инабатты, батыл да батыр, ізетті болып өсуі үшін өсиет айтуды, өнеге көрсетуді, бата беруді, тілек айтуды, жамандыққа тыйым жасап, жақсылықты ырым қылуды дәстүрге айналдырған.

Халықтық әдет-ғұрып елдің тұрмысына, кәсібіне, халықтық қасиетіне байланысты қалыптасады. Әдет-ғұрып негіздері: ырымдар, тыйымдар, әдет, әдеп, дәстүр. Бұл – әсіресе, қазақ халқының ұлттық ерекшелігі, заңдылығы.

Ұрпақ санасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру тіл, дін, салт-дәстүр арқылы жүзеге асады. Қазақ халқының тыйымдары мен ырымдарында халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі, көрген-түйгендерінің қорытындысы бар. Қазақ халқының сөздік қорының құрамын тыйым сөздер толықтырып тұрады. Ол – адамгершілік қасиетінің бір өлшемі. Өйткені, адамзат өмір сүріп отырған қоғамдағы екі жақты тепе-теңдік болып табылатын жағымды және жағымсыз әдеттердің ара жігін ажырату үшін жақсылық насихатталып, жаман әрекеттерге тыйым болуы қажет.

Қазақта жүздеген тыю заңдылықтары бар. Мәселен, су ішіп отырған құдығыңа түкірме, тұзды баспа, үлкеннің сөзін бөлме, бос бесікті тербетпе, бас киімді аяққа баспа, өлімге көңіл айтқан соң басқа үйге кірме, т.б. Осы тыю сөздер жинақталып келіп, ұлттық ерекшелігімізді, мәдениетімізді, имандылығымызды, инабат жораларын сақтауға қызмет етеді.

Тыйым – жамандыққа қарсы жасалатын әрекет, тәлім-тәрбиелік заңды нұсқау, тәртіптілікке үйрету жолы.

Тыйым сөздер – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі.

«Тыйымсыз елдің жастары дуана» деп айтылатын қазақ мәтелінің астарында қоғамдық тәжірибеден туындайтын ой-тұжырымы жатыр.

Адам бойындағы жаман қылықтардан тыйылу – имандылықтың басты шарты. Сондықтан тыйым сөздердің өзін бірнеше тәрбие түріне топтастыруға болады.



Адамгершілік дегеніміз ұлы Абай айтқан бес асыл қасиетке жататын: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым және өсек, өтірік, мақтаншақтық, жалқаулық, даңғойлық сияқты жағымсыз әрекеттен аулақ болу. Адам қасиеттерінің көрсеткіштері: адамдық, қайырымдылық, үлкенді құрметтеу, сыйлау, көргенсіздікті тыю, өтірік айтпау. Осыған байланысты тыйымдар: «Үлкен кісінің жолын кесіп өтпе! Үлкеннен бұрын сөйлеме! Үлкеннің бетінен алма. Адамға қарап күлме! Ата-анаңа қарсы келме! Жаман әдетті үйренбе! Өтірік жылама! Біреуді алдама! Кісі ақысын жеме! Үйге жүгіріп кірме! Адамның мініне, кемшілігіне күлме! Жалқау болма!».

Имандылық дегеніміз – адамдық қасиеттің ең жоғары үлгісі. Оның негізгі қағидасы: дінді қадірлеу, мұсылмандық парызды өтеу, тазалық. Осыған байланысты тыйым сөздер: «Дінді сатпа, ұлтыңды сатпа, арыңды сатпа. Ант ішпе, әбес сөйлеме. Құранды баспа. Жұма күні кір жұма. Түнде суға барма. Отқа су құйма. Түнде күл шығарма. О дүниелік болған адамды жамандама».

Экологиялық тәрбие – қоршаған орта, аспан әлемі, жан-жануарлар, табиғаттың тылсым құдіретін түсіну және тыйылу керек ұғымдарды мойындауға байланысты жүргізіледі. Олар мыналар: жұлдызды санама, айды қолмен көрсетпе, малдың басынан теппе, атқа теріс мінбе, құстың ұясын бұзба, суға түкірме. М.Әлімбаев шығармаларында былай делінген:

Ақыл-есің бүтінде
Құдыққа еш түкірме.
Шыққанда далаға
Жұлдызды санама.
Жоқ әдетті шығарма:
Түнде көлден су алма.

Әдептілік – аға ұрпақтан жеткіншек ұрпаққа берілетін, ал жеткіншек ұрпақ оқып-тоқып, үйреніп, бойына сіңіретін, дамытып, кемелдендіретін, рухани ынта мен еңбекті қажет ететін қасиет. Әдептілікке баулитын тыйымдар: жер таянып отырма, адамға қарап қолды шошайтпа, түн ішінде тырнақ алма, бас киімді теппе, ақты төкпе, нанды төңкеріп қойма, сыпырғышпен адамды ұрма. Ал Мұзафар атамыз:

«Әдепсіздікті таста, есікті теуіп ашпа.
Күлкі болма елге, езуінді керме»,– деп айтқан.
Қазақтың би-шешендерінен де тыйымдарды
кездестіреміз. Қаз дауысты Қазыбек би былай деген:
Өркенім өссін десең, кекшіл болма,
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең, өршіл болма,
Өскеніңді өшіресің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма.

Эстетикалық тәрбие – адамның сөйлеу мәдениеті,
жүріс-тұрыс әдебі, өзін ұстай білу. Баланың санасына
жақсы жатталып қалатын мынандай тыйым сөздер
бар:

Ұнасын, ұнамасын,
Шаршасаң сәл-пәл аялда,
Бірақта жерді таянба.
Ұлттық салттан бұлжыма,
Жұма күні кір жума.
Құр беталды ермекке,
Бос бесікті тербетпе.

Қазақтың ұғымында табалдырықты баспа,
шашыңды жайма, тырнағыңды тістеме, жақты
таянба, тізеңді құшақтама, қатты күлме, жуған қолды
сілкіме, кісінің үстінен аттама.

Халықтың санасына ана сүтімен дарыған тілі,
діні, болмыс-бітімі арқылы қанға сіңген әрекеттер –
бүгінгі ұрпақ үшін өмір қажеттілігі.

Жанар ТІЛЕУҚАБЫЛҚЫЗЫ,
Қарағанды қаласындағы
көпсалалы гуманитарлық
колледжінің кәсіби қазақ тілі
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: студенттерге халқымыздың
игі дәстүрлерін, ізгі-қасиеттерін, инабаттылық,
іскерлік дағдыларын, салт-дәстүрлерді бойларына
сіңіру. **Міндеттері: білімділік** – студенттердің
бойына қазақ халқының рухани байлығын сіңіру.
Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін
кеңейту, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі, өнеге алу.
Мәтінді құрастыра білуді жетілдіру, оқу үрдісінде
сұрақтар арқылы өз бетімен және топпен жұмыс істеу;
дамытушылық – ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын,
этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілеттерін
арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Слайд жасау жұмысы арқылы шығармашылық
қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру,
тілдік қорын молайту, алған білімін жаңа жағдайда
пайдалана білуге баулу; **тәрбиелік** – қазақ халқының
салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу. Еліміздің озық

ойлы, кең өрісті азаматын тәрбиелеп, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ықпал ету.

Көрнекілігі: компьютер, интербелсенді тақта, презентациялық слайдтар, қанатты сөздер, видеоролик, кәртішкелер.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, құқықтану, ән-күй.

Күтілетін нәтижелер:

Орыс топтағы студенттер түсінуі тиіс: қазақ салт-дәстүрлерін нығайту, мәтінмен жұмыс және оларды екі тілде аудару, жекелік, топтық жұмыс түрлерін меңгеру.

Студенттердің құндылық бағдары:

Студенттің болашақ мамандығына байланысты міндеттері мен құқықтарының, жауапкершіліктерінің артуы қаншалықты жауапты екендігін білуге тиіс.

Студенттер жасай білуі тиіс:

қазақ салт-дәстүрін әдет-ғұрыптан ажырата алу, мәтіндерді екі тілде аудару, тәжірибеде қолдану, өтілген тақырыптар бойынша білімдерін, машықтарын пайдалана білу.

Сабақтың тақырыбы:

«Қазақ халқының салт-дәстүрлері».

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу. Топтың сабаққа дайындығын тексеру. Сұрақтар арқылы үй тапсырмасын сұрау. Жобаларын қорғау, слайд бойынша жұмыс. «Тапқырлар – находчивые», «Ізденгіштер – любознательные».

Қазақтың ұлттық тағамдары. Қазақтың ұлттық киімдері. Қазақтың ұлттық ойындары. Қазақтың ұлттық ыдыстары.

I. Сабақтың мақсатымен және жоспарымен таныстыру.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар!

Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Қазақ халқының салт-дәстүрлері».

Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады надан деп.

Ата-бабам ардақты,

Жамандыққа бармапты.

Ардақ тұтып үлкенді,

Ата жолын жалғапты.

Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Салт-дәстүрлі ел – мықты әрі түбі берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін: салт-дәстүр мен әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Әрбір халықтың өзіне тән ұлттық дәстүрі болған. Қазақ халқының да өзіне лайық қадір-қасиеті бар.

Көптеген ғасырлардың барысында қазақтардың өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қалыптасты. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы, өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа ұсынған “Қазақстан – 2030” ұзақ мерзімді еңбегінде Қазақстанның 8 артықшылығын көрсеткенде, соның біреуі – “қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігін, олардың кеңпейілділігі мен ақжарқындығын” атаған. Дәстүрді сақтау, ұлықтау, ұрпақтар сабақтастығын сақтау – біздің парызымыз.

Эпиграф:

Жастарымыз біздің салт-дәстүрлерімізді көздің қарашығындай сақтай алатындай өмір сүріп, айналадағыларды өздерінің дарындылық қасиеттерімен таңқалдыруға және қанаттандыруға, адамзаттық озық ойларын еркін меңгеруге бағытталулары керек.

Н.Ә.Назарбаев.

Наша молодежь должна жить и вести себя так, чтобы беречь, как зеницу ока, наши обычаи и традиции, восхищаться и вдохновлять своим талантом всех окружающих, свободно ориентироваться в звездном небе передовой мысли человечества.

Н.А.Назарбаев.

1. Салт-дәстүр дегенді қалай түсінеміз?
2. Әдет-ғұрып дегенді қалай түсінеміз?

Дәстүр – латынша жапсыру, жалғастыру – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары және өнегелі өнер болып табылады.

Әдет-ғұрып – дәстүрге айналған, жалпыға бірдей қалыптасқан, әр этносқа тән ортақ тәртіп, салт-сана.

Накыл сөздерге көңіл бөлейік: «Қазақтар – әдет-ғұрып, салт–сана, тіл жағынан біртұтас».

(В.В. Радлов)

«Ата салты – асыл қазына» (Мақал).

Жаңа сөздер:

Нәресте – новорожденный младенец;

Аластау – изгонять;

Дәстүр – традиция;

Құндылық – ценность;

Мұра – наследие;

Бөлеу – пеленать;

Тербету – укачивать;

Ұя – гнездо;

Кәде – подарок;

Қадам – шаг;

Ұрлық – воровство.

Өлең. «Қазағымның дәстүрлері-ай!»

Слайдпен жұмыс. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері».

«Қыз ұзату» тұсаукесерін көру.

Сахналық көрініс: «Тапқырлар – находчивые».

«Қырқынан шығару». Савинова Марина.

Сахналық көрініс – «Ізденгіштер – любознательные».

«Тұсау кесу». Роева Регина

1. «Шілдеhana» мәтінін орыс тіліне аударындар. «Тапқырлар – находчивые».

Дастарқан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып, ұлттық ойындар ойналады. Шілдехана думанды болса, сәби сергек, қызықты өмір сүреді деген сенім бар.

2. «Бесік тойы» мәтінін орыс тіліне аударындар. «Ізденгіштер – любознательные».

Халқымызда бесік – қасиетті, құтты мүлік, сондықтан ол сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікті отпен аластап, баланы бөлейді, өйткені бұл – халқымыздың елеулі үлкен дәстүрі.

Релаксация. Музыка. В лесу.

«Опасный путь преступной жизни».

«Незнание закона не освобождает от ответственности».

«Заңды білмесең де, жауапкершіліктен босатылмайсың».

Подростковый возраст, пожалуй, самый активный период в жизни человека. Подростку кажется, что он все может и ему все можно. Оказывается, можно, но не все. Недостаток жизненного опыта, незнание уголовных законов, неумение контролировать себя в различных ситуациях приводит к нежелательным, а порой к печальным последствиям.

Люди, в том числе и подростки, издавна совершали, да и сейчас совершают противоправные поступки. Эти противоправные поступки называются правонарушениями.

Правонарушения – это нарушения норм права (*запись в тетради*).

Правонарушение – құқық бұзу;

проступок – жағымсыз әрекет;

преступление – қылмыс.

В чем разница между проступком и преступлением?

Кәртiшкемен жұмыс. «Тапқырлар – находчивые».

А) Ботакөз заняла от одного знакомого крупные суммы денег для покупки казахской национальной посуды, после чего скрылась (преступление – мошенничество).

Б) Гүлмира, поругавшись с подругой, разрезала ее камзол с саукеле, в результате чего вещи оказались не пригодны (проступок – порча чужого имущества).

Кәртiшкемен жұмыс: «Ізденгіштер – любознательные».

А) Серик управлял машиной, подаренной братом за сүйінші, в нетрезвом состоянии.

(проступок – нарушение правил безопасности на дороге).

Б) В городе Тараз, вооруженная пистолетами и автоматами, группа людей напала на граждан Киргизстана, участвующих на бәйге (преступление – бандитизм).

Тест тапсырмасы (ауызша) – «Тапқырлар – находчивые»:

1. Салт-дәстүр деген сөздің аудармасы:

- а) разрезание пут;
- ә) традиции – обычай;
- б) праздник букваря;
- в) празднование дня рождения.

2. Әлди, әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама, бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін... деген әнді қашан айтады?

- а) шілдеханада;
- ә) сәбидің тұсауын кескенде;
- б) сәбиді бесікке салғанда;
- в) қырқынан шығарғанда.

3. «Шілдехана» деген не?

- а) ұлттық ойын;
- ә) салт-дәстүр;
- б) тұрақты тіркес;
- в) бай сөз.

4. Қазақ отбасында кімді «қонақ» деп мәпелеп, өсірген?

- а) қызды;
- ә) ұлды;
- б) жиенді;
- в) кенже баланы.

5. Қайын жұртында күйеуге тартылатын сыбағалы ас не?

- а) бас;
- ә) төс;

- б) құйрық-бауыр;
- в) қабырға.

6. Мақалды жалғастыр. Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап

- а) қыз өсер;
- ә) бала өсер;
- б) немеренің баласы;
- в) үлкен ұл.

7. Ата – ...

- а) әкенің әкесі;
- ә) ұлдың баласы;
- б) ұлдың әкесі;
- в) әкенің інісі.

8. Ұл баланы қырқынан 37, 39 күнде шығарады.

Мұның себебін қазақ халқы қалай түсіндірген?

- а) ұл баланың қызға төлейтін қалың малы аз болсын деген ниет;
- ә) ұл бала қыз балаға қарағанда ширақ болатындықтан;
- б) бұл сандар қазақ халқы үшін сәтті сандар болғандықтан;
- в) тез ержетсін деген ниеттен.

Тест тапсырмалары – «Ізденгіштер – любознательные»:

1. «Бесікке салу» деген не?

- а) ұлттық ойын;
- ә) салт-дәстүр;
- б) тұрақты тіркес;
- в) мақал-мәтел.

2. Шашу сөзінің аудармасы:

- а) подарок, приносимый на торжества;
- ә) предания;
- б) традиция;
- в) обычай.

3. Қаз, қаз балам, қаз балам,

Қадам бассаң мәз болам...деген әнді қай тойда айтады?

- а) шілдеханада;
- ә) сәбидің тұсауын кескенде;
- б) сәбиді бесікке салғанда;
- в) сүндет тойда.

4. Қазақтың отбасылық тәрбиесін жүзеге асырушы тәлімгерлер:

- а) аға, әпке;
- ә) әке, ана, ата, әже;
- б) туған-туыс;
- в) ауыл адамдары.

5. Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер:

- а) жарыс қазан;
- ә) беташар;
- б) отқа май құю;
- в) бесік тойы, қыркын беру.

6. Мақалды жалғастыр. Он үште

- а) отау иесі;
- ә) сыншы;
- б) патша жасы;
- в) ақын.

7. Әже - ...

- а) әкенің әкесі;
- ә) ұлдың баласы;
- б) әкенің шешесі;
- в) көршінің тәтесі.

8. Қыз ұзатылғанда айтылатын жыр –

- а) қоштасу;
- ә) жар-жар;
- б) сыңсу;
- в) аталғандардың барлығы.

Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару.

«Тапқырлар – находчивые»:

1. «Ер дәулеті – еңбек»
(«Богатство жигита – труд»).
2. «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады»
(«Труд прославляет, лень с пути сбивает»).
3. «Қолы қимылдағанның – тістері де қимылдар»
(«Руки поработают – зубам будет работа»).
4. «Отан – елдің анасы, ел – ердің анасы»
(«Родина – мать народу, народ – мать жигиту»).

Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару.

«Ізденгіштер – любознательные»:

- «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол»
(«Чем быть на чужбине султаном, лучше быть на Родине подметкой»).
- «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас»
(«Лучше блуждать вместе с народом, чем находить дорогу одному»).

«Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан көзіңе мақтар»
 («Друг хвалит за глаза, недруг в глаза»)
 «Оқу – білім бұлағы, білім – өнер шырағы»
 («Учение – знания родник, знания – жизни
 светильник»).

IV. Қорытынды бөлім: Нақыл сөздерге қайтып келейік.

«Қазақтар – әдет-ғұрып, салт-сана, тіл жағынан біртұтас». (В.В.Радлов)

«Ата салты – асыл қазына» (Мақал).

Адамның жарық дүниеге келгеннен бастап, оның есейіп, қартайып, ол дүниеге аттанып кеткенге дейінгі өмірі мен іс-әрекеті, басқалармен қарым-қатынастары салт-дәстүрден өзекті орын алады.

Оқушыларға айтар тілек:

Жақсыларға жақын бол,
 Отбасыңмен тату бол.
 Ата-ананың көзі бол,
 Сөнбейтін күннің нұры бол.
 Кім болсаң да әйтеуір,
 Бірліктің туын көтерер
 Адамзаттың бірі бол,
 Туған елдің ұлы, қызы бол!

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма: Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын басқа халықтардың әдет-ғұрыптарымен салыстырып, қосымша материалдар жинақтау.

Отбасы туралы 5-6 мақал-мәтелдер жазып келу.

	Жобаларын қорғау. Үй жұмысын тексеру.	Сахналық көрініс. «Қырқынан шығару».	«Шілде-хана» мәтінін орыс тіліне аудару.	Кәртішкemen жұмыс.	Тест тапсырмасы.	Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару.
«Тапқырлар - находчивые»						
Барлығы:						

	Жобаларын қорғау. Үй жұмысын тексеру.	Сахналық көрініс. «Тұсау кесер».	«Бесік тойы» мәтінін орыс тіліне аудару.	Кәртішкemen жұмыс.	Тест тапсырмасы.	Мақал-мәтелдерді орыс тіліне аудару.
«Ізденгіштер - любознательные»						
Барлығы:						

Жазира ТАЙКЕНҚЫЗЫ,
Қарағанды агротехникалық
колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы.

БАРЛЫҒЫНАН АРДАҚТЫСЫ – ӨМІР

*(жасөспірімдер арасындағы өзіне өзі қол жұмсаудың
алдын алу)*

Мақсаты: оқушыларға өмір сүрудің мәнін түсіндіре отырып, оны мәнді және қызықты өткізуге жетелеу, өмір сүруге деген құштарлықтарын арттыру, дүниетанымдарын кеңейту, жандарына рух беру, жігерлендіру.

Көрнекілік: «Өмір» жайында айтылған нақыл сөздер тақтада ілініп тұрады. М.Мақатаевтың, М.Шахановтың шығармалар жинағы, тақырыпқа байланысты өткізілетін тренингтер, сұрақтар. Бейне-материал: Құран-кәрімнен хикая – «Әбіл мен Қабыл».

- Құрметті оқушылар, бүгін біз сіздермен «Барлығынан ардақтысы – өмір» деген тақырыпта әңгімелесеміз. Бұл тақырып барлығымыз үшін өте маңызды деп ойлаймын. Өйткені өмір сүрудің мәні мен маңызын, өмір сүрудің қаншалықты қызықты екенін түсінгеніміз жөн.

Оқытушы келесі мәтінді мәнерлеп оқиды (күй ойналады):

Өмір деген мың рет құбылып, ертеңінен еш хабар білдірген емес. Кешегі бақытты еткен қуаныш араға уақыт салып өкінішке айналып, бүгінгіні бұлт торлаған мұң-қайғы екі-үш күннен кейін шайдай ашылып сала береді. Мұндайларды сезіп, байқап қалсаң, бос әурешілік істерге бола уайымға түскеніңе бірде ренжисің, бірде жалған дүниенің бұл тірлігіне күйінесің де отырасың. Ал, кейде, өзіңді кінәлаумен бұл өмірдің жалған еместігін түсініп, жаңа бір өмірге аяқ басып, жаңа дүниенің есігін ашуға тырысасың, өзіңді жақсылыққа тәрбиелейсің. Сонда ғана өмірдің жалған еместігіне көз жеткізесің, өмір сүруге құштар боласың.

Бейне-ролик көрсетіледі: Құран-кәрімнен хикая – «Әбіл мен Қабыл» (оқушылар өз түсінгендерін талдайды, пікірлеседі).

Төмендегі айтылған нақыл сөзді оқушылар оқып талдайды, пікір таластырады:

Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолушысы – ой,
Сынаушысы – халық,
Қорғаушысы – сабыр,
Қорғанышы – мінез,
Ең қымбаттысы – ар,

Таусылмайтыны – арман,
Барлығынан ардақтысы – өмір.
Мына сұрақтар оқушыларға таратылып, оған жауап беріледі:

1. Өмір неге ең ардақты болып саналады?
2. Адам өмірге неше рет келеді?
3. Адам өз өмірін қалай өткізуі керек?
4. Өмірде сәттіліктердің көп болуы кімге байланысты?

Оқытушы: - Өмір – үлкен өзен. Өзенде не бар?
Су да, балық та, витамин де, шөп те, демалыс та, құс та, бақа-шаян, жәндіктер – барлығы суда мекен етеді.
Өмірде де осындай керемет қызықтар толып жатыр.

Төмендегі өлең шумақтары оқылады, әр топ өз түсінгендерін талдайды, пікір алмасады:

Қызық өмір (М.Мақатаев)

Қалтарысы, бұлтарысы мың сан қабат
Қызық өмір, ақырын тұрсаң қарап.
Біреулердің еңбегі еш, тұзы сор боп,
Біреулердің бақыты жүр сорғалап.
Қызық өмір, кім білсін, сонысымен,
Аласы мен құласы, торысымен.
Тағдыр түрлі болғанмен, өмір біреу,
Ұнатамын өмірді сол үшін мен.
Ұнайды өмір ынтымақ, күресімен,
Құр қалмайды ешкім де үлесінен.
Өліп-талып жеткенде бақытына,
Шорт үзіліп, кей тағдыр түгесілген.

Өміріме өзімнің таңданамын,
Қалмайын деп қатардан қарманамын.
Бүгінімді өткізсем қиындықпен,
Ертеңіме үмітпен алданамын.
Ұнатамын өмірдің ой-қырларын,
Сауық құрып, сайрандап, той қылғанын.
Өмір керек көлеңке, шуағымен,
Өмір керек!
Басқаның қойдым бәрін.

Сіз өз өміріңізде қандай жетістіктерге жеттіңіз?
(кез келген кішкентай елеусіз қадамдары туралы айта алады – балабақшаны аяқтауы, мектепте оқуы, ән салуы, би билеуі, жаза білу, оқи білуі, сырласатын достарының болуы, бауырларына ағалық қамқорлық көрсете алуы, т.б.).

Оқытушы:

- Дүниеге келген әр бала бақытты. Әр күнгі көрген жарығың қымбат, әрбір басқан қадамың – қуаныш. Әрбір бастаған істеріңнің біреуі болмаса да, біреуі саған сәттілік әкеледі. Әрбір қорықпай басталған іс – саған келер сәттіліктің жалауы. Өз жүріс-тұрысыңмен, ісіңмен, біреуді болмаса да, екінші адамды шаттыққа бөлейсің. Ол мүмкін сенің достарың, ата-анаң, сені жақсы көретін туған-туыстарың, ұстазың.

М.Мақатаевтың «Бақыт деген» өлеңін оқу, талдау.

- Олай болса, оқушылар, мына бір ой салатын сұрақтарға жауап беріп көрейікші:

1-тренинг. Оқытушы төмендегідей ұрандарды дауыстап оқиды, ал оқушылар оған хормен жауап қайтарады (бірнеше рет қайталауға болады).

- Өмірде қызықты сәттер, оқиғалар, қайталанбас жағдайлар бар ма? Жауап: - Әрине, бар.

- Осындай қызықты, әдемі сәттерді бөлісетін сенің жақын достарың, құрдастарың, жақындарың, әкешешен, ұстаздарың бар екені шындық па?

- Келісеміз, шындық, шындық, шындық!!!

2-тренинг. Қағазға жазылған адам жанына рух, жігер беретін сөйлемдер оқушыларға таратылып беріледі, олар оны дауыстап бірнеше рет қайталап оқиды:

Өмірде қаншама қызықты сәттер, оқиғалар, қайталанбас жағдайлар бар! Мен оның куәгерімін!

Осындай қызықты, әдемі сәттерді бөлісетін менің жақын достарым, құрдастарым, жақындарым, әкешешем, ұстаздарым бар екені шындық! Әрбір басқан қадамымыз сәтті болады!

3-тренинг.

1. Өзіңізге жақын адамдар туралы ойлану, олардың жақсы мінез-құлықтарын қағаз бетіне түсіру.

2. Өзі қамқор бола алатын сүйікті әжесі, атасы немесе кішкене інісі, достары, т.б. адамдардың ерекше белгілері мен мінезі, жүріс тұрысы, келбеті туралы жазу.

3. Өзінің өміріндегі ең қызықты сәтті қағаз бетіне түсіру.

4. Әркім өз бойындағы жақсы мінез, қасиеттерін қағазға жазады (Жазғандарын оқытушыға тапсырады, оқытушы оны оқып, талдап, іштей жабырқап жүрген, жалғызсырап жүрген оқушыларды анықтайды. Сынып жетекшісі оған талдау жасап, психологиялық көмек шараларын жүргізеді).

Өз ойларын ортаға салған пікірлерге назар аударайық:

«Қамшының сабындай қысқа өмір» деген тұрақты тіркесті талдап көрейікші, мағынасы неде екен?

Нұрсұлтан:

- Бұл ұғымда өмірдің мәңгілік еместігін айтқысы келген болар. Қазақтың ұғымында «өмір жалған» деген түсінік бар. Ендеше, осы аз ғұмырда мәнді өмір сүру керек деймін.

Балаби:

- Өмір сүре білу – қоғамға, еліне пайдалы болу.
- «Әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян шектірмеу және қоғамға пайда келтіру» (Цицерон).
Осы қанатты сөзді қалай түсінесіздер?

Еламан:

- Әрбір адам қоғамға, өз отбасына пайда келтіретіндей алдына биік мақсат қоя білуі керек.

Тоқтар:

- Абайдың сөздеріне сүйенсек, егер адам ақылды, арлы, мінезді, білімді болса, бұл адам шын мәнінде мықты болар. Әділдікке барар жол осы болар.

- Ал, «Бақыт» деген сөздің мағынасын кім ашады?

Шахмардан:

- Мен бұл өмірге келгеніме еш өкінбеймін, әрбір өткізген күнім үшін бақыттымын. Өйткені менің денім сау, білімім бар деп түсінемін.

Нұрсұлтан:

- Менің бақытым – жақын туысқандарымның аман-есен жүргендері.

Мырзахан:

- Жарық дүниеге келгенім үшін бақыттымын, өз ата-анамды жақсы көремін.

Тоқтар:

- Егер адам өмірдің құны неде екенін түсінсе, оны дұрыс пайдалана білсе – осы бақыт.

М.Шахановтың «Жігерлендіру немесе өзін бақытсызбын деп есептеген жігітке жауап» өлеңінен үзінді оқылады (күй ойналып тұрады: «Көңіл толқыны»).

Сен жыладың, жігітім,

Көп көрдім деп тұрмыстың тапшылығын,

Қайтпады деп жұртқа еткен жақсылығым.

Сен жыладың,

Бір қатты соққы алдым деп,

Бақытсыз болып қалдым деп.

Жә, жә, жарар,

Өткен күн оралар ма,

Қарау керек, бауырым, саған алға.

Басыңдағы бөрік пе,

Орамал ма?

Көтер, кәне, басыңды,

қалай бұның,

Мұз боп еріп кеткен бе бар айбының?

Көтер, кәне, басыңды,

Күніңді босқа өткізіп пе едің,

Тағдырың неге сыр айтты сараң?

Өмірдің барлық сәтсіздіктерін

Бақытсыздық деп кім айтты саған?

Кім айтты саған:

Тұлпарды сүрінбейді деп,

Асауды мінілмейді деп,

Ақ көйлек кірлемейді деп,

Қара ешкі мүжіген ағаш

Қайтадан гүлдемейді деп?

Кім айтты саған:

Жұрттың бәрі мейірбан, арайлы деп,

Жұрттың бәрі шындықты қалайды деп,

Биікті ардақтайды деп,

Асылды қорлатпайды деп...

Қиналып бекер алаңдадың-ау,

Ойыңды шығар өріске.

Өзің-ақ айтшы, галамда мынау

Жеңудің бәрі жеңіс пе?

Жігітке арман жеткізіп пе еді

Өз сорын өзі жеңбесе.

Өмірдің барлық сәтсіздіктері

Бақытсыздық емес, ендеше. (Өлеңді жаттап алу тапсырылады).

- Иә, оқушылар, сендер ешқашан жалғыз болмайсыңдар. Әрбір қиын сәттің бір шешуші жолы болады. Мен сіздермен біргемін, әрқашан өз сырларыңды, мұңдарыңды, ешкімге айта алмай жүрген жағдайларыңды менімен немесе өзің жақсы көретін адаммен бөлісуге болады. Әрбір қиын кезеңдерде өзіңе жақын адамдарыңнан немесе менен көмек сұрауға, сырласуға болады. Маған дос ретінде сенуге болады. Мен сендерден өз көмегімді аямаймын, түсінуге тырысамын.

Оқушылар бір-бірінің қолынан ұстап, бірнеше рет дауыстап: «Мен бақыттымын, менің айналам қызықты сәттерге толы», «Өмірдің қозғаушысы – МЕНМІН!», «Бүкіл әлем – менің қолымда!» деп сынып сағаты өз мәресіне жеткенін білдіреді.

Ұсынылып отырған материал қазіргі таңдағы жастар арасындағы өзіне өзі қол жұмсау қасіретінің алдын алуды көздейді, адамның жанына рух беріп, жігерлі болуға тәрбиелейді.

Целью данного материала является предотвращение суицидального поведения среди молодежи. Материал богат и дает импульс, одухотворяет человека.

The purpose of this material is to prevent suicidal behavior among youth. The material gives a large impulse and spiritualizes human.

Ғалия МҰҚЫШЕВА,
Алматы қаласындағы
№ 94 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ИНТЕРНЕТ ҚЫЗМЕТТЕР

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: интернет қызметінің түрлері мен интернетті пайдаланудың қадамдары туралы әңгімелеу. **Міндеттері: білімділік** – термин сөздердің жасалу жолдарын қайталау және сөйлемде дұрыс қолдана білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушының сөздік қорын молайту; тілін, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – компьютер мен интернетті дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдері:** қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс, Блум таксономиясы, INSERT, RAFT стратегиялары. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бағалау парағы, т.б.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

III. Психологиялық ұйымдастыру кезеңі:

- Сынып оқушылары қол ұстасып бір-бірлеріне жақсы көңіл-күй, тілектер тілейді.
- Сабақтың мақсаты мен міндеттерін баяндау.

• Әр топтың бағалаушысын сайлау.

Қызығушылығын ояту кезеңі:

• Блум таксономиясы бойынша сұрақтар:

1. Интернет деген не?
2. Интернет алғаш рет қай елде пайда болған?
3. Модем дегеніміз не?
4. Интернет желісіне қалай қосылуға болады?
5. Интернеттің сендерге қандай пайдасы бар?
6. Интернеттің қандай қызмет түрлерін білесіңдер?
7. Интернеттің пайдасымен қатар қандай зияны

бар?

Мағынаны тану кезеңі:

• Сабақтың тақырыбын бір оқушыға оқыту.

Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Интерактивті тақтадан тірек сызба арқылы интернетті пайдаланудың қадамдары, интернет қызметінің түрлерін таныстыру.

Интернет қызмет түрлерінің қайсысын пайдаланасыңдар? Интернетті пайдаланудың қадамдары: қажетті сайтқа кіру →өзімізге керекті қызмет түрін таңдап алу →сұранысты дұрыс толтыру→ жауабын күту → сайттың төлем түрі (есеп айырысу нұсқасы) → қолма-қол ақшамен есептесу (пластикалық картамен төлеу; банк,пошта аударымдары арқылы төлеу, т.б.).

Термин сөздер және термин сөздердің жасалу тәсілдерін түсіндіру. Сөйлемде дұрыс қолдана білуге үйрету. Оқушыларға тақтаға мысалдар жазғызу.

Мәтінмен жұмыс.

INSERT немесе түртіп алу стратегиясы - түртіп алу әдісі. Оқушылар қолдарына қарындаш алып,

«v»- білемін, «+» - білмеймін, «-» – мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таңқалдырды деген белгілерді қоя отырып, мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс – оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс.Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.

v + - ?

Аты-жөні	Тақырып	«v»- білемін, маған таныс ақпарат	«+»-білмеймін, мен үшін жана ақпарат	«-» мен үшін түсініксіз ақпарат	«?» – мені таңқалдырады

Мәтінде кездескен жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп, сөйлемде дұрыс қолдана білу. Оқушыларға сөйлемдер құрату.

Топтық жұмыс. 1-тапсырма. Әңгімелеу.

I топ. Интернеттің пайдасы туралы әңгімелейді.

II топ. Интернеттің қызмет түрлері туралы әңгімелейді.

III топ. Интернетті пайдаланудың қадамдары туралы әңгімелейді.

IV топ. Интернеттің зиянды жақтары туралы әңгімелейді.

2-тапсырма. Термин сөздердің жасалу тәсілдерін түсіндіру. Термин сөздерді қолдана отырып сөйлемдер құрастыру.

3-тапсырма. RAFT стратегиясы. Оқушы қандай да бір объектіні алып, сол рөлге еніп, өз ойын жазады. Бұл стратегияны қолдануда бала сол зат туралы ойын жазбаша түрде, бірінші жақта хабарлайды. Мысалы: Мен – компьютермін. Қазіргі заманға мен өте қажетпін. Мен барлық адамдарға көмектесемін. Адамдар мен арқылы үйде отырып-ақ билеттерге тапсырыс бере алады, қажетті заттарын сатып алады, мәтіндерді аударады, т.б.

Сабақты қорытындылау.

Пікірталас. Интернеттің пайдасымен қатар қандай зияны бар?

Интернетте көп отыру денсаулыққа қандай зиян келтіреді?

Қазіргі заман талабына сай компьютерде көп отыру керек пе?

Бағалау кезеңі.

Әр топтың бағалаушысы топтағы оқушылардың жауаптарын бағалайды. Топтардың жауаптары арқылы оқушылардың сабақты қаншалықты меңгергендіктерін анықтау. Кем тұстары болса түсіндіріп, білімдерін толықтыру.

Оқушылардың білімін талдай отыра бағалау.

Рефлексия кезеңі. Сабақтан алған әсерлері туралы сұрақ-жауап.

Білемін.

Білдім.

Білгім келеді.

ИНТЕРНЕТ ҚЫЗМЕТТЕР

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) оқушыларға “Интернет” меңгерту. Интернет құрамының элементтері туралы мағлұмат беру; 2) оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлеу, тыңдау мәдениетін дамыту; берілген тақырып бойынша сөйлеу; 3) оқушыларды білімділікке баулу.

Түрі: дәстүрлі, жаңа. **Пәнаралық байланыс:** информатика. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта. **Әдісі:** сұрақ-жауап.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу;
2. Әнұранды орындау;
3. Сабаққа дайындығын тексеру;
4. Кезекшімен сұхбат:
 - Бүгін нешесі?
 - Сабақта кім жоқ?
 - Үйге не берілді?

Үй тапсырмасын тексеру. Сұрақтар:

1. 22-модульдің лексикалық тақырыбы қандай?
2. Бұл модульде біз не туралы сөйлестік?
3. Интернет деген не?
4. Интернеттің мүмкіндігі қандай?
5. Интернет алғашқы рет қай елде пайда болған?

6. Интернет осыдан неше жыл бұрын пайда болған?

7. Интернет не үшін құрылған?

8. Интернеттің лайықты мүмкіндіктерін кімдер бағалаған?

9. Интернеттің қандай қызмет түрлерін білесіңдер?

10. Интернетті пайдаланудың қадамдары қандай?

11. Интернет дүкені деген не?

12. Интернет желісіне қосылу үшін не керек?

II. Жаңа сабақ.

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, ат қойыңдар. Халықаралық терминдерді теріп жазыңдар.

Интернет құрамына түрлі элементтер кіреді. Соның ішінде, www, электронды пошта, файлдарды жеткізу қызметі.

WWW бүкіләлемдік желісі (World Wide Web – Бүкіләлемдік тор) веб деп аталады. Ол интернет жабдықтары арқылы жеткізілетін құжаттардан тұрады. Web – веб-беттер мен веб-тораптар жиынтығы.

Веб беттер ақпараттың алуан түрлерін – мәтін, сызба, дыбыстық және бейне жазбаларды қамтиды.

Электронды пошта қызметі e-mail пайдаланушыларға мәтіндік хабарламадан және түрлі форматтағы: мәтіндік, сызбалық және т.б. файлдардан тұратын электронды хаттарды жөнелтіп, қабылдап алуға мүмкіндік береді.

Файлдарды жеткізу қызметі файлдарды бір компьютерден екіншісіне көшіреді немесе жылжытады.

2. Жаңа сөздермен жұмыс.

құрамы	бүкіләлемдік	жабдықтар
жиынтық	қамти алу	пайдаланушы
жөнелту	мүмкіндік береді	бет

Санды таңдайды, басады, тапсырма шығады:

1. Сөзді аудар;

2. Мәтіннен сол сөз бар сөйлемді оқу;

3. Сұрақ қою;

4. Қай сөз табы?

3. **2-тапсырма.** Диалог бойынша өзара сөйлесіңдер:

- Ғаламтор желісінде адасып қалмау үшін не істеу керек?


- Шолғын-браузер деп аталатын арнайы бағдарлама қажет.

- Браузер – веб-бетінің мәліметтерін компьютердің бейне бетіне шығаруды қамтамасыз ететін Интернет көздерін қарауға арналған бағдарлама.

4. **3-тапсырма.** Көп нүктенің орынына тиісті жалғауларын қойып жазыңдар. Мәтінді әңгімелендер.

Журнал – сіз... Интернетте жасаған саяхатыңыз... барысын қарап шығуға мүмкіндік беретін жүйе. Интернет Explorer сіздің Интернет... Жасаған әрбір қадамыңыз... өз бетімен тіркеп отырады. Сіздің кіріп шыққан әрбір веб-торапқа деген сілтемелері бар бұл жазбалар журнал қалтасы... сақталып тұрады.

5. **4-тапсырма.** 1-тапсырмадағы мәліметтерді пайдаланып, тірек сызба бойынша әңгіме құраңдар.



Гауһар ЖҮСПОВА,
Павлодар қаласының
№41 дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы
жалпы орта білім беру бейіндік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗДЕРДІ ҮЙРЕТКЕН АЛУАН ТҮРЛІ ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

IV. Үйге тапсырма: 1-тапсырма, 244-бет, әңгімелеу.

V. Рефлексия:

1. Интернет құрамына кіретін элементтерді атаңдар.
2. Электронды поштаның атқаратын қызметі қандай?
3. Браузер деген не?
4. Журнал қандай мүмкіндік беретін жүйе?
5. Осы тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді атаңдар.

VI. Сабақты бағалау.

Сабақтың мақсаты: жаңа мәлімет беру, жабайы аңдар, құстар туралы түсініктерін кеңейту.
Міндеттері: білімділік – оқушылардың танымдық қабілетін дамыта отырып, жануарлар аттарын дұрыс атауға үйрету, тапсырмалар орындау арқылы сөйлеу әрекеттерін ұйымдастыру; **дамытушылық** – оқушылардың үйренген сөздерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету, сауатты түсініп оқуға, ойын еркін жеткізе білуге, ой қорытуға бағыттау; **тәрбиелік** – табиғатты қастерлеуге, қорғауға, қамқор болуға, өз туған жерін, жануарларды сүюге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсініп тыңдау, мәнерлеп оқу, пікір айту, ойын еркін жазу. **Типі:** жаңа білім беру. **Танымдық материалдар:** жануарлар әлеміне шолу жасау, слайдтар, бейнефильм.

Сабақтың барысы:

- Балалар, табиғат дегеніміз не екен? Ол бізді қоршаған орта, табиғатсыз ешқандай тіршілік жоқ. Ол – барлық тіршілік иелерінің ортақ үйі, табиғаттың бізге берер сыйы да көп. Олай болса осы табиғаттың тіршілік иелерінің бірі – адам, жануарлар туралы әңгімелейміз

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

«Сәлем – сөздің анасы, сәлем берер әр қазақтың баласы» демекші,

- Бүгінгі күн сәттілікке толсын.

Біздің алар бағамыз

Кілең бестік болсын!

Тапсырма парағы.

Оқушының аты-жөні:		
Тапсырмалар.	Тапсырмаға берілетін ұпай.	Оқушының жинаған ұпайы.
1-тапсырма. Сөздерді сөз құрамына талда. Қожайынымыздың, үшеуі, күзетемін.	1 сөз – 1 ұпай	
2-тапсырма. Сын есім сөздерін дұрыс қойындар. 1. Қоян - өте аң. 2. Аққу - құс. 3. Кит – өте балық. 4. Құмырсқа – өте жәндік. (қорқақ, үлкен, әдемі, еңбекқор)	1 сөз – 1 ұпай	

3-тапсырма: «Дұрыс-бұрыс». Етістіктің жалғауларын дұрыс қойындар.	1 сөйлем – 2 ұпай	
4-тапсырма: Тест орындау. 1. <i>Өткір көзді құс.....</i> 2. <i>Гүлден-гүлге ұшады</i> 3. <i>Әнші құс</i> 4. <i>Айлакер аң</i> 5. <i>Шөлдемейтін хайуан</i> КІЛТИ 1. <i>бүркіт</i> 2. <i>ара</i> 3. <i>бұлбұл</i> 4. <i>тұлкі</i> 5. <i>түйе</i>	1 сұрақ – 2 ұпай	
5-тапсырма: Суреттерді сөйлету.	10 ұпай	
Барлық қатысқаның үшін:	3-5 ұпай	
Жалпы ұпай: Баға:		

«5» - 90-100 % 40-60 ұпай;

«4» - 75-89 % 29-39 ұпай;

«3» - 50-74% 20-28 ұпай;

«2» - 20-дан төмен.

Өткенді қайталау үшін жұмбақтар жасыру:

1. Апан-апан,

Ескі шапан.

Иір қобыз,

Жарық жұлдыз.

(Түйе)

2. Кішкентай ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (Қой)

3. Асты пышак, үсті істік,
Өзіне лайықтап киім пішкен,
Секіріп-секіріп түскен.

(Ешкі)

4. Ауызы бейне шалғы орақ,
Шөп емес, бірақ мал орады.

(Қасқыр)

5. Ерте тұрады,
Жар шақырады.

(Өтеш)

II. Тыңдалым. Түсініп тыңдаймыз.

Тілдесім. Үй жануарларының таласы. Рөлге бөліп
ойнау.

Бір күні сиыр, ат, ит үшеуі таласыпты.

Сиыр айтты:

- Қожамыз мені жақсы көреді. Қожамыздың үй
іші менің сүтімді ішеді.

Ат айтты:

- Қожамыз сендерден гөрі мені жақсы көреді.

Отынды, пішенді мен тасимын.

Ит айтты:

- Жоқ, қожамыз мені жақсы көреді. Мен үй
күзетемін.

Қожайын бұлардың таласын естіп:

- Сендер таласпаңдар, маған бәрің де керексіңдер, –
деді.

III. Жазылым.

1. Асты сызылған сөздерді сөз құрамына талдау.
Қожайынымыздың, үшеуі, күзетемін.

IV. Оқылым. Мәтінмен жұмыс – алгоритм
бойынша. «Фламинго» құсы туралы.

Қоқиқаз (Фламинго) – денбегімі ерекше, тұмсығы
имек, сирек кездесетін құс. Қорғалжын қорығын-
дағы Теңіз көлінде ғана ұялап, жұмыртқалайды.
Ол басын суға батырып, түбін қопарып, судағы
жәндіктерді ауызына толтырып, сүзіп алып
қоректенеді. Ұясын да су түбіне жасайды.

Қоқиқаз – дүниежүзіндегі ең биік және аяқтары
мен мойыны ұзын құс. Дене бітімі жұмыр. Бойының
биіктігі 91-120 сантиметрдей. Қораздарының салмағы
4,5 килограмм. Қанаттарының ұзындығы – 35–49
сантиметр. Ересек қоқиқаздардың қауырсында-
рының түсі ақ, қызғылт, ұштары қара, ұзындығы 11-
16 сантиметр. Қоқиқаз топтанып тіршілік етеді.

2. «Лупа». Сын есім сөздерін дұрыс қойыңдар.

1. Қоян – өте аң.

2. Аққу – құс.

3. Кит – өте балық.

4. Құмырсқа – өте жәндік.

(қорқақ, үлкен, әдемі, еңбекқор)

Жазылым.

Дұрыс – бұрыс

Тұйық етістік	мін	мын	міз	мыз	ді	ды	сіз	сыз	сің	сың
Күту+ е	+	+	+	-	-	+	-	-	+	-

Қорғау+ й	+	+	-	-	-	+	+	+	+	-
Салау+ а	+	-	-	-	+	+	+	+	+	+
Тазалау+ й	-	-	-	+	+	-	-	+	+	+

Рабиға АТАЕВА,
Орал қаласындағы
№20 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚШАУ МЕН ҚАРАТПА СӨЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

V. Суретті сөйлету.
Берілген сурет бойынша сөйлесу
(оқушылар суреттер арқылы сөйлеседі, монолог құрады).

VI. Тест сұрақтарына жауап беру:

1. Орманда өмір сүретін аң
2. Гүлден-гүлге ұшады
3. Әнші құс
4. Айлакер аң
5. Шөлдемейтін хайуан

Қорытындылау.

Контейнер. Сөздерді сәйкестендіру.

- 1) Орман жануарлары;
- 2) Үй жануарлары;
- 3) Теңіз жануарлары.

Ит, сауысқан, аю, сиыр, кит, мысық, түлкі, ақ аю, бұзау, бие, жолбарыс, ешкі, шортан.

Бағалау. Оқушылар ұпайларын санайды, бағалау парағына бағаларын жазады.

Үй жұмысы: «Менің сүйікті құсым немесе жануарым» туралы ой толғау, ереже жаттау.

Сабақтың мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту, ұлттық киімдердің ерекшеліктерін ұғындыру. **Міндеттері:** **білімділік** – оқушылардың бойына қазақ халқының рухани байлығын сіңіру. Оқшау сөздер мен қаратпа сөздерден алған білімдерін бекіту; **дамытушылық** – логикалық ойлау қабілеттерін, қазақ тілінде сөйлеу тілін дамыту, білім мен білік дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – туған жерін, елін, қазақтың салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу. Еліміздің озық ойлы азаматын тәрбиелеу, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ықпал ету.

Түрі: ұжымдық түрде бірлесіп білім алу. **Әдісі:** коммуникативтік әдіс, интерактивті әдіс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер топтамасы. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі /2 минут/.
- II. Мұғалімнің кіріспе сөзі /2 минут/.
- III. Үй тапсырмасын қайталау /10 минут/.

IV. Жаңа тақырыпты түсіндіру /20 минут/.

V. Бекіту /7 минут/.

VI. Қорытынды /2 минут/.

VII. Үйге тапсырма /1 минут/.

VIII. Бағалау /1 минут/.

Сабақтың жүргізілуі:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Кіріспе сөз.

А) Мұғалімнің сөзі.

Ә) Фонетикалық жаттығу.

«Жеті атасын білген ұл

Жеті жұрттың қамын жер.

Өзін ғана білген ұл

Құлағы мен жағын жер» дегендей, әр қазақ баласы өзінің жеті атасын білуі тиіс, сонымен бірге қазақ халқының салт-дәстүрлерін: шілдеhana, қырқынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу, үйлену тойы, т.б. дәстүрлерін сақтай білуі қажет. Қазақтың ұлттық ерекшелігін көрсететін ұлттық киімдер туралы әңгімелейміз.

III. Үй тапсырмасын қайталау.

Оқушыларға сұрақ қою:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері қандай?

2. Қолөнер туралы не білесіз?


А) Қолөнер туралы;

Ә) Киіз басу туралы;

Б) Киіз үй туралы.

IV. Жаңа тақырыпты түсіндіру. Ұлттық киімдер. Оқшау сөздер. Қаратпа сөздер (сабақтың тұсаукесері)

Ішкі киімдер атауын жазу:



Сыртқы киімдер атауын жазу:



Бас киімдер атауын жазу:



Грамматикалық тақырып: Оқшау сөздер. Қаратпа сөздер.

Оқшау сөздер – сөйлемнің құрамында тұрса да, басқа мүшелермен грамматикалық байланысқа түспейтін мүше.

Түрлері: Қаратпа сөз.

Қыстырма сөз.

Одағай сөз.

Қаратпа сөз – біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөз (Самат, ертең сынақ болады. Ұялма, балам, жоғары шық. Ендігі кезек сенде, қарағым).

Қыстырма сөз – сөйлемдегі ойға қатысты сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіретін сөз (Меніңше, сенің айтқаның дұрыс).

Одағай сөз – сөйлеушінің түрлі көңіл-күйін білдіретін сөз (Қап, оны кеше сұрау керек еді).

V. Бекіту.

Грамматикалық тапсырмалар:

1. Қаратпа сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру;

Қ!... .

..., Қ,


..., Қ.

2. Киімдер атауын қатыстырып сөйлем құрастыру;


Сөйлем талдау.

Мен өлкетану мұражайында Д.Нұрпейісованың қамзолын көрдім (жай, хабарлы, жақты, толымды, жайылма сөйлем).


1-тапсырма: Ішкі киімдер атауын жазу.




Сыртқы киімдер атауын жазу.



Бас киімдер атауын жазу.



2-тапсырма. Сөзжұмбақты шешу.



Тапсырма:

1. Стеганка.
2. Ичиги.
3. Женский
головной убор.
4. Платье.
5. Туфли.
6. Брюки.
7. Мужская верхняя одежда.

3-тапсырма.

Фонетикалық ойындар. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табу және талдау (Көйлек, ішік, қалпақ, сәукеле).

VI. Қорытынды. Қазақы киімді қастерлеу әрі құрмет тұту елдің есейгенін, оның өскелең өмірін танытады. Оның қазақтану ісінде де, халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде де елеулі орын алатыны даусыз. Өйткені қазақ киім-кешегі – ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңірген құбылыс. Оның қай-қайсымыздың болса да ұлттық мақтаныш сезімімізді оятатыны хақ.

VII. Үйге тапсырма: «Ұлттық киім – халық шежіресі» тақырыбына эссе жазу.

VIII. Бағалау.

Зәуреш НҰРЫМОВА,
Шымкент қаласындағы
Ұлықбек атындағы
№3 жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛДІ ДАМЫТҚАН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: үй жануарлары туралы білімдерін тереңдету. **Міндеттері:** білімділік – өз ойларын сауатты жазуға, ауызекі тілде сөйлеуге үйрету, тұйық етістікті қайталау, тақырып бойынша сөздік қорын молайтып, мәтіннің мазмұнын меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, өз бетінше білім алып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу; ойлау қабілетін мәтін арқылы қалыптастыру; **тәрбиелік** – үй жануарларына қамқорлықпен қарауға, оқушыларды жауапкершілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: сөзжұмбақ, интерактивті тақта, кеспе қағаздары, көрініске керекті ойыншықтар, ұлттық тағамдар, керекті азық-түліктер, ұнтаспа, төрт түлік туралы өлеңдер, бүктемелер, суреттер.

Түрі: аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдер:** сұрақ-жауап, түсіндіру, іздену, әңгімелеу, сөзжұмбақ шешу, көрініс құру, топпен жұмыс, топтастыру, мәнерлеп оқу, ойын.

Пәнаралық байланыс: музыка, әдебиет.

Сабақтың құрылысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу;
- б) сазды ән әуенімен енгізу.

II. Жаңа сабаққа дайындық:

Сөзжұмбақ шешу.

III. Жаңа сабақ:

- 1) сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау;
- 2) төрт түлік малды сипаттап айту (Әрбір топ таңдаған төрт түліктің біреуі туралы айтып береді).

IV. Топтық тапсырма (сұрақтар беріледі).

V. Мәтінмен жұмыс:

- а) сөздікпен жұмыс;
- ә) мәтінді оқу;
- б) мәтін бойынша топтық тапсырмалар;
- в) қорытынды сұрақ.

VI. Ортақ сұрақ (Үй жануарлары туралы білетін мақал-мәтелдер, өлеңдер, жаңылтпаштар айту).

VII. Үй жануарларына байланысты тыйым сөздер.

VIII. «Қызықты сәт» ойыны.

IX. Сабақты қорытындылау.

X. Үйге тапсырма беру.

Ұйымдастыру кезеңі: а) оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу; ә) сазды ән әуенімен енгізу («Жануарлар әлемі» әуені).

Мұғалім: - Балалар, сендер бүгінгі сабақта қандай саз әуенін тыңдадыңдар?


- Дұрыс, өздеріңе таныс «Жануарлар әлемі» әуенін тыңдадыңдар. Ендеше, балалар, менің мына бір сұрағыма жауап беріңдерші, қандай жануарларды білесіңдер? Сондай-ақ жануарларды қалай топтай аламыз?

- Иә, жануарлар жабайы және үй жануарлары болып бөлінеді екен.

II. Жаңа сабаққа дайындық.

1) сөзжұмбақ шешу:

- 1. Верблюды.
- 2. Овец.
- 3. Лошадь.
- 4. Козленок.
- 5. Жеребенек.
- 6. Теленок.
- 7. Имя мифического покровителя лошадей.
- 8. Корова.
- 9. Ягненок.




- Олай болса, бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы: Үй жануарлары.

III. Жаңа сабақ:

а) сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау;

ә) сұрақ: Үй жануарларын атаңдар.



- Ендеше, үй жануарлары туралы білетіндеріңді ортаға салайық. Төрт түлік малды сипаттап көрейікші.

1-оқушы:

- Қазақтар пірлерге жалынып, малдың көбеюін, аман болуын солардан тілеген. Үй жануарларының әрқайсыларының өз қамқоршысы, тәңірі, иесі бар деп біліп, оларға ат қойып, айдар тағады. Мысалы, қой атасы – Шопан ата, жылқы атасы – Қамбар ата, сиыр атасы – Зеңгі баба, түйе атасы – Ойсыл кара, ешкінің иесі – Сексек ата.

Мұғалімнің сөзі:

- Ендеше, балалар, ауыл-ауылдарға бөлініп, топтың атын бабаларымыздың атымен қояйық.

Оқушыларды төрт ауылға бөлу. Әрбір топ таңдаған төрт түліктің біреуі туралы айтып береді.

№1 Шопан ата ауылы.

2-оқушы:

- Қазақтар қойды қасиетті санап, қатты құрметтеген. Қой – жесе тамақ, кесе киім. Қойдың еті – қазақ халқының негізгі тамағының бірі. Қазақ қойдың атасы Шопан ата десе, қойды бейіштен жаралған деп көреді. Халықтың «Тегене құйрық қамқорлы, малды берсең, қойды бер» деген сөзі тегін емес. Қойға байланысты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім көп. Қойдың жүні де тұмарды алмастырған. Қойдың жауырынын балгерлер келешекті болжау үшін пайдаланған. Қойдың кәрі жілігі малды ұры-қарыдан, қасқырдан сақтайды деп сенген. Аттың ерінің басына да іліп қойып, ер-тұрманды және атты бәлекеттен, ұрыдан сақтайды деп ойлаған. Қошқардың мүйізін көкөніске «көз тимеу» үшін іліп қойған. Осы тәрізді сенімдер ел арасына әлі де кең тараған.

3-оқушы:

- Көптеген мақал-мәтелдер бар: Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады; Қойшының қызы қой келгенде іс қылады: Семіздікті қой көтереді; Жаман қой ісігенде қартаяды; Ақсақ қой түстен кейін маңырайды; Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды; Қойды шартық бүлдіреді, т.б.

4-оқушы:

- Қойды қазақ қастерлеп, жақсы көрген балаларына «қозым»деп ат қойып, қой қозыларын

«қошақаным»деп еркелетеді. Қозыны сыйлы адамдарға сойып береді. Қозы етін «бағлан»дейді. Қозының терісінен «елтірі» ішіктер істеледі. Қой, қозының жасын тісінен айырады. Қой пысқырса, күн суытады деп ырымдайды.

Мұғалім:

- Келесі сөз **№2 Қамбар ауылына** беріледі.

1-оқушы:

- Қазақ халқы жылқыны аса қастерлейді. Ат – ер қанаты. Жесе тамақ, ішсе сусын, мінсе көлік. Жылқы тұқымы: айғыр, бие, құлын, тай, құнан, дөнен, бесті. Жылқышы атадан тілек тілеген қазақ: «Айғыр берсең байсалды, үйірі толған атқа байталды, өңкей мама бие бер, сауған сайын иігіш дейді. Желден жаралған жүйрік атқа қазақ халқы көптеген сын тағып сынайды.

2-оқушы:

- Түркі-монғол дәуірінен құдалыққа ат сыйлайтын дәстүр бар. Қазақ халқы құда болған кезде құдасына ат мінгізеді. Қалың мал кезінде қыруар ат, байтал беріледі. Жақсы атты «қалап» алады, құлын кезінде балаларға «атап» береді. Аттың басына, көзіне сабамайды. Әсіресе, қамшымен ұрмайды. Ұрса «жаяу қалады» деген сөз бар. Ат жабдықтары: жүген, ноқта, арқан, шідер, тұсамыс, өре, шылбырларды ұрламайды. Ұрласа «жүгенделіп», «арқандалып», «тұсалып» қалады деген қорқыту сенімі бар.

3-оқушы:

- Жылқы турасында қазақ халқында көптеген қанатты сөздер, мақал-мәтелдер бар. Мысалы: Жақсы ат – жанға серік; Арық атқа – қамшы жау; Кісі аты

тершіл; Ат аунаған жерде түк қалады; Жақсы аттың тісін ашпа; Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме; Кәрі атын мақтаған жолда қалар; Жақсы ат алдынан сүрінбей, артынан сүрінеді; Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас; Ат – қанатың; Ат өледі – құс қашады; Атты батыр – атсыз жатыр; т.б.

Мұғалім:

- Келесі сөз **№3 Зеңгі баба ауылына** беріледі.

1-оқушы:

- Сиыр малын қазақ халқы төрт түлік малдың бірі ретінде қастерлеп, оның бағым-күтіміне, өсіміне ерекше мән береді. Қазақ халқы сиыр малын қолына ұстап, үй маңына бағады. Сиырдың етін, сүтін пайдаланады. Ел арасында: «Сиыр – үйдің анасы» деген сөз айтылады. Сиыр малы кейбір ұлттар үшін қасиетті мал екені тарихтан белгілі. Сиырдың атасы – Зеңгі баба деп көріп, одан: «Сиыр берсең, сүтті бер өңкей мама» деп сыйынып тілейді қазақ. Сиырды судан жаралған дейді. Түнде мөңіресе жаман ырым, жаушылық болады деп жаманға жориды.

2-оқушы:

- Сиырға сын айтылады. Қазақ халқы: «Сиыр мүйізді өгіздің күші аз болады, бұқа мүйізді сиырдың сүті аз болады»дейді. Сиыр туралы мақал-мәтел, қанатты сөздер бар. Мысалы: Сиыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді; Сиырға су көрсетпе, жаманға сый көрсетпе; Сиыр су ішкенде, бұзау мұз жалайды; Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді; Ойда он сиырдың мүйізі сырқыраса, қырда қырық сиырдың мүйізі сырқырайды; Бұқаның өзі

қартайса да мұрыны қартамайды; Үйде өскен бұзау түзде өгіз болмас; Біреудің бұзауына дегені өзінің өгізіне тиеді; Өгізге түскен күн бұзауға да тиеді; Түзде бұзау өлсе, үйдегі сүтке ит тиеді; Ортақ өгізден оңаша бұзау жақсы; Бұқаның арамзасы – бұзау арасында; Жаман сиыр тоқпақшыл, жаман кісі тақпақшыл, т.б.

№4 Ойсыл қара ауылы.

1-оқушы:

- Қазақтар түйені де қасиетті санаған. Қазақтың көшпелі өмірінде түйенің алар орыны ерекше. Түйе – қара жердің қайығы, қырық күн шөлге шыдайтын қайсар мал. Түйе бота, тайлақ, бура, бұршын, үлкен түйе болып өседі. Түйені үш түрге бөледі: бір өркештісі – нар, екі өркештісі – айыр түйе, бір өркешті мен айыр түйе арасынан қоспақ түйе туады. Түйенің атасы – Ойсыл қара. Ойсыл қарадан қазақ: «Маң-маң басқан, маң басқан, шудаларын шаң басқан, төрт аяғын тең басқан» түлік беруді тілеп ниет етеді.

2-оқушы:

- Қазақтар түйені еш уақытта ұрмаған, теппеген, тіпті, қатты сөзбен ұрыспаған. Жүнін қасиетті санап, жын бәлекетті қуады деген. Түйе жүні тұмарды да алмастырған. Түйе жүнінің емдік қасиеті бар, адамдар белі ауырғанда оны беліне ораған.

Түнде түйе үріксе жаман ырым деп есептейді, үйден шықпайды. Себебі түйе өзінен үлкен пәледен ғана қорқады деп ырымдайды. Түйенің басын ұлық мал деп жемейді. Биікке қойып қастерлейді. Түйе малын ұрлап күземейді. Күзесе «о дүниеге» барғанда

түйе жүніне оралып жүре алмай, мәңгі азапқа түседі деген діни ұғым бар.

3-оқушы:

- Ботаны қазақ халқы қастерлеп: «ботақаным», «ботам» деп, оны еркелеткен, балаларына да арнап: «бота көзім», «ботақаным», «ботам» деп еркелетеді. Ботаны сойып жемейді, киелі дейді. Түйеге қатысты мақал-мәтелдер: Түйе көп болса, жүк сыймайды; Төрт аяқтыда – бота тату, екі аяқтыда – бажа тату; Жуас түйе жүндеуге жақсы; Түйе – малдың қасқасы; Түйенің танығаны – жапырақ; Алты күн атан болғанша, бір күн бура бол; Бойына сеніп түйе жылдан құр қалыпты; Атан түйе ойнақтаса жұт болады; Өткелде түйенің үлкені таяқ жейді.

4-оқушы (Шопан ата ауылынан):

Ешкіге қарсы көптеген салт-дәстүрлер бар. Ешкі атасы – Сексек ата, ешкіні тастан жаралыпты-мыс дейді халық. Ешкіні қазақ халқы қастерлегенімен, басқа малдардай бағалай бермейді. Халықта: «Ешкі еті жел болар, серкеш еті ем болар» деген сөз бар.


IV. Топтық тапсырма.

Топтарға тапсырма беріледі. Топ жетекшілері тақтада тұрған қима қағазын алып, берілген сұрақтарды оқып береді. Топтарға дайындалуға 3-4 минут уақыт беріледі. Берілетін сұрақтар:

«Түйе – байлық» дегенді қалай түсінесіңдер?

Түйенің адамдарға қандай пайдасы бар? Түйенің төлі не?


Түйе – байлық. Түйесі бар адамға қарап оның ауқатты екенін білген. Ауқатты – бай дегенді білдіреді.



1) «Қой – мырзалық» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?

2) Қойдың адамдарға қандай пайдасы бар? Қойдың төлі не?

Қой – мырзалық. Мырза – қолы ашық, кең. Қонағына жалғыз қойын соятын адамдар болған.



1. «Ешкі – жеңілдік» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?

2. Ешкінің төлі не?

Ешкі – жеңілдік. Ешкінің құндылығы – жүнінде. Ангор деп аталатын жүн осы ешкіден ғана алынады. Ешкінің төлі – лақ.

1. «Жылқы – сәндік» деген сөйлемді қалай түсінесіңдер?

2. Жылқының адамдарға қандай пайдасы бар? Жылқының төлі не?


Жылқы – сәндік. Жылқының ерекшелігі: өте таза су ғана ішеді, сұлы жейді. Қазақ жылқы малын киелі санайды, бәйгеге жарысқа қосады, көлік ретінде пайдаланады. Сүтінен қымыз деген шипалы сусын дайындалады.



1. «Сиыр – ақтық» дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Сиырдың адамдарға қандай пайдасы бар? Сиырдың төлі не?

Сиыр – ақтық. Сиырдың сүтінен айран, қатық, ірімшік, құрт, май, сүзбе жасалады. Бұл сүт өнімдері адам ағзасына аса қажет.



V. Мәтінмен жұмыс.

1) Жаңа сөздермен таныстыру: сөздерді оқу, сөз тіркесін, сөйлемдер құрастыру.

Кедей – бедняк;

ұйықтап жату – спать;

қуану – обрадоваться;

ұстап алу – поймать;

сатып алу – купить;

өсіру – вырастить;

қой қоздау – окотиться;

қызметкер – слуга, сотрудник

айқайлау – кричать;

шошу – испугаться.

2) Мәтінді түсініп оқу.

Мәтін бойынша топтарға тапсырма беру. Топ жетекшілері кима қағаздан тапсырмаларды оқиды.

Шопан ата ауылы.

1) Мәтіннен етістіктерді теріп, тұйық етістік түрінде жазып алыңдар.

Қамбар ата ауылы.

2) Мәтіндегі тұйық етістіктерді септеңдер.

Зеңгі баба ауылы.

3) Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар. Мәтінге ат қойыңдар.

Ойсыл қара ауылы.

4) Мәтін бойынша көрініс көрсетіңдер. Топтар тапсырмаларды орындауға дайындалады.

Жалпыға қорытынды сұрақ:

- Мәтінде кейіпкердің қандай қасиеті туралы айтуға болады?

Осы мәтінде қандай үй жануарлары мен аң аталған?

VI. Ортақ сұрақ.

- Балалар, үй жануарлары туралы қандай мақал-мәтелдер, өлеңдер, жаңылтпаштар білесіңдер? Топ мүшелері білетіндерін кезекпен айтады.

VII. Үй жануарларына байланысты тыйым сөздерді еске сақтаңдар!

1. Малды теппе. 3. Мал сүйегін отқа тастама.

2. Ақты төкпе. 4. Малды басына ұрма.

VIII. «Қызықты сәт» ойыны. Әрбір топ сабаққа дайындаған қызықты сәттерін сыйлайды.

IX. Сабақты қорытындылау.

- Сабақта не білдік?

- Бізге ой салатын қандай сәттер болды?

X. Оқушылардың білімін бағалау.

XI. Үйге тапсырма: 106-беттегі 4-тапсырма, мәтіннің мазмұнын әңгімелеу.

Рәш БАҚЫТҚЫЗЫ,
А.С.Макаренко орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы,
«Ашутасты» ауылы.

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – МЕНІҢ ДОСТАРЫМ

(3-сынып)

Мақсаты: оқушыларды қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. **Міндеттері:** **білімділік** – мемлекеттік тілді меңгерту арқылы жаңа тақырыпты басқа пәндермен байланыстыра отырып, мәтіндегі негізгі ойды анықтау; **тәрбиелік** – дос, достық туралы мағлұмат бере отырып, адалдыққа, адамгершілікке баулу, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру; **дамытушылық** – септік жалғауларын байланыстыра отырып, өз ойын қазақ тілінде жеткізуге дағдыландыру. Еркін сөйлеуге, дұрыс және толық жауап беруге бағыттау.

Типі: бекіту сабағы. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, көңіл-күй сөздігі, ой-қозғау. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, қазақ тіліне тән дыбыстар, кестелер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, музыка.

I. Ұйымдастыру:

- а) Сәлемдесу;
- ә) Көңіл-күй сөздігімен жұмыс:
Көңілді – радостный;
Сабырлы – спокойный;
Көтеріңкі – приподнятый.

II. Үй жұмысы: 4-тапсырма.

Жетекші сұрақтар арқылы жаңа сабаққа көшу.

- «Дос, достық» деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?

- Нағыз досың кім? Досыңның жақсы қасиеттерін ата.

1. *Аутотренинг.* Септік жалғауларына байланысты сөйлем құрау, септіктерді атау.


2. *Миға шабуыл.*

I топ.

- 1. Жетінші септікті ата.
- 2. Мемлекеттік тіл – орыс тілі.

II топ.

- 1. Біздің таңдауымыз –
- 2. Қазақ тілінде алты септік бар.



3. *Графикалық диктант.* 7 сұрақ беріледі-дұрыс, дұрыс емес.

- 1. Атау септік кім? не?
- 2. Жатыс септік -ды, ді, ты, ті.
- 3. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

4. Септік жалғаулары алтау.
 5. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет емес.
 6. Көп тіл білетін адам – полиглот.
 7. Өнер алды – қызыл тіл.
4. *Мәтінмен жұмыс.* Жекелеп оқып шығындар.
- Қалай ойлайсындар, достықтың белгілі бір ережесі, заңы бар ма екен?

Бәрімізге ортақ ереже.

Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін. Қиын кезде жолдасыңа көмек бер.

Досыңды ешқашан сатпа. Досыңмен жөнсіз керіспе.

Достық ережелері көп, бірақ негізгілері – осылар. Осы ережелерді сақтасаңдар – нағыз дос бола аласындар.

Сергіту сәті: «Қара жорға» биі.

I топ. Ізденгіштер. Төмендегі сөйлемдердің ішінен септік жалғаулы сөздерді теріп жазындар.

Мен биыл үшінші сыныпта оқимын.

Қазақ тілі аптасына төрт рет болады.

II топ. Тілшілер. «Достар» сөзін септе.

Атау септік – достар

Ілік септік – достардың

Барыс септік – достарға


Табыс септік – достарды

Жатыс септік – достарда

Шығыс септік – достардан

Көмектес септік – достармен

Бекіту: Венн диаграммасын толтыру.



3 «Б» сынып оқушылары – септіктер елінде.

Атау. Ксения, Абай

Білімдерін танытты.

Ілік. Викторияның

Алғырлығын ұнаттық.

Барыс. Валентинаға

Қызығасың қарап та.

Табыс. Темірланды

Жолдастары сұрапты.

Жатыс. Никитада

Бар күш те, талап та.

Шығыс. Нүриядан

Үлгі ал, бала, талаптан.

Көмектес.

3-сынып оқушыларымен септіктер елін арала.

Бағалау.

Үй тапсырмасы: септік жалғауларын пайдалана отырып, «Менің досым» тақырыбына мәтін құрастыр.

Светлана ЖАҢАТАУҚЫЗЫ,
№39 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ҮСТЕУ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: үстеу, оның түрлері туралы түсінік беру. **Міндеттері: білімділік** – оқушыларға үстеудің мағыналық топтарын, сөйлемдегі қызметін меңгерту. Сөйлемде үстеуді ажырата білу. Оқушылардың алдыңғы сабақта алған білімдерін кеңейту; **дамытушылық** – оқушының ойлау, сөйлеу белсенділігі мен білік-дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – балалар көңілін табиғат құбылыстарына, сұлулығына аудару. Жыл мезгілдерінің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру. Қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу. Отан, туған жер, туған елдің табиғатын қорғауға әдеттендіру. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, география. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, интерактивті тақта. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, грамматикалық кестелер, слайд-суреттер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Балалармен амандасу.

Балалардың назарына бүгінгі сабақтың ерекшелігін айту. Яғни, бүгінгі сабағымыз әдеттегі сабақтан өзгеше, себебі біздің бүгінгі сабағымызға көптеген

мұғалімдер қонаққа келіп отыр. Сондықтан бар мүмкіндігімізше жауап беруге тырысайық. Ендеше, іске сәт!

Тіл дамыту сұрақтары:

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз айларын кім атайды?
- Қазір күздің нешінші айы?
- Қалай аталады?
- Бүгін қазанның нешесі?
- Аптаның қай күні? т.б.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. «Менің жазғы демалысым» тақырыбына әңгімеле.

2. 3-тапсырма, 62-бет, жазбаша тексеру.

3. Сын есім бойынша пысықтау:

- Сын есім дегеніміз не?
- Сын есімнің құрамына қарай түрін ата (дара, күрделі).
- Сын есім тұлғасына қарай нешеге бөлінеді? (негізгі, туынды).
- Туынды сын есім қалай жасалады?
- Сын есімнің мағынасына қарай түрлерін ата (сапалық, қатыстық).


III. Жаңа сабақ.

С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан үзінді оқу (эпиграф):

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп-кетіп есен-сауын.

Сабақтың жоспары:

1. Кіріспе сөз.
2. Көкшетаудың табиғаты туралы.
3. Көкшетау ормандарын мекендейтін жануарлар.
4. Құстары, ағаштары туралы (тақырыпқа байланысты слайд көрсетіледі).
5. «Табиғат» сөзімен кластер құрастыру.



6. Сөздік жұмысы:

Жабайы – дикий;

Демалыс орындары – места отдыха;

Айтып жеткізу – передать словами;

Асқақ – высокий;

Өңірі – окрестность;

Мекендейді – обитает (живут);

Шаруашылық мекемесі – хозяйственное учреждение.

(Жаңа сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркестерін құру, синонимдерін табу).

7. Мәтінмен жұмыс жүргізу:

- Мәнерлеп оқу;
- Тізбектеп оқу;
- Сұрақтарға жауап беру.

- (Оқушылар мәтін бойынша сұрақтар дайындап, өздері жауап береді).

- Негізгі ойды анықтау (1-2 оқушы әңгімелейді).

8. Мәтінді «Синквейн» немесе бес жолды өлең түрінде бекіту.

1. Зат есім табиғат
2. сын есім + сын есім сұлу, көркем
3. етістік + етістік пайдалы, демалу
4. Синоним сөзі Көкшетау
5. Сөйлем құрастыру Көкшетаудың сұлу табиғаты – демалуға пайдалы.

IV. Грамматикалық тақырыпты түсіндіру.

- Балалар, бүгінгі сабақта біз тағы бір сөз табымен таныс боламыз. Яғни, үстеу, оның түрлері. Үстеу дегеніміз не?

Үстеу – қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін (меншік, мезгілін, себебін, мақсатын, сын-қимылын), тағы басқа сипаттарын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: Қашан? Қайда? Қайдан? Қалай?

Үстеу		
Мезгіл	Мекен	Сын-қимыл
бүгін	төменде	жылдам
ертең	артында	тез
түсте	алда	шапшаң
кейде	іште	
таңертең	қалада	

Мысалы: Сен ертең қалаға барасың. Үйді тез жинастыр.

V. Жазбаша жаттығулар орындау.

А) 2-тапсырма, 65-бет. Көп нүктенің орынына керекті сөздерді қойындар:

1. Көкшетаудың табиғаты өте көркем.
2. Көкшетау өңірі асқақ тауларымен белгілі.
3. Орманда негізінен қайың мен терек өседі.
4. Көлдері балық пен жабайы құстарға толы.

Б) 3-тапсырма, 65-бет.

бала, қазақ, орман, тарих сөздерінен туынды сын есім жасау.


(Балалық, қазақы, орманды, тарихи).

Осы сөздермен сөз тіркесін немесе сөйлемдер құру.

В) Кәртiшкемен жұмыс. «Демалыс» сөзіне дыбыстық талдау жасау, «табиғат» сөзін септеу.

VI. Қорытындылау.

Тірек сызба бойынша өз ойыңды айт.



- Сонымен, балалар, бүгінгі сабағымызды мен былайша қорытындылағым келіп тұр. Яғни, сіздер мен біздер, айналаны қоршаған табиғат бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені өсімдіктер, жануарлар, су, құстар және адамдар – олардың бірінсіз бірінің тіршілігі жоқ. Сондықтан мен мына ленталар арқылы мынадай түйін жасайын: Көкшетау тау болғандықтан, таулы аймақ болғандықтан «қоңыр» түсті лента алайын. Сол жердің климатын көрсету үшін «сары» түс алынады. Ал ауасы өте тамаша, пайдалы (ағаш,

шөп, су, аң, құстар), бұл – әрине, «жасыл» түс. Ал енді «қызыл» түс кім?

- Ол – адам. Өйткені адам да табиғатпен тығыз байланысты. Енді осы түстің бәрін қосып, өрсек әдемі бір түс (гармония) пайда болады.

Олай болса, «Құс ұшуға, балық суда тіршілік етуге жаралған. Ал адам – осы табиғат ортасында өмір сүруге, мәңгілік қарым-қатынас жасауға жаралған».

Әрбір ҚР-ның азаматы табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты қорғауға міндетті. Өйткені ҚР-ның Ата Заңында да былай бекітілген: «Табиғатты қорғау – басты борышын» (Қазақстан Республикасының Ата Заңы).

VII. Үйге тапсырма: 4-тапсырма, 65-бет. Сұрақ-жауап. Ереже.



Светлана АКИМЕНКО,
Батыс Қазақстан облысының
Зеленов ауданындағы
Дарьинск орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ШЫЛАУ СӨЗДЕР – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНДА

Сабақтың мақсаты: шылау сөздер туралы түсінік беру, практикалық жолмен меңгеру.

Міндеттері: білімділік – оқушылардың білім

деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу; **дамытушылық** – оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, сауатты жазуға үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың эстетикалық дүниетанымы мен ұлттық өнеріне деген өзіндік ойларын, көзқарастарын қалыптастыру. Оқушыларды ізденімпаздыққа, ұқыптылыққа, халық дәстүрлерін сыйлауға тәрбиелеу.

Әдістері: баяндау, түсіндіру, сын тұрғысынан ойлау әдістері. **Түрі:** интеграциялық. **Көрнекілігі:** электрондық оқулық, тақырыптық слайдтар, интербелсенді тақта.

I. Сабақтың өту барысы:

1. Сәлемдесу.
2. Ұйымдастыру бөлімі.
3. Психологиялық дайындық.

- Балалар, көздеріңді жұмып отыра тұрындаршы! (Музыка ойнап тұрады, слайдта көктем суреті).

- Балалар, қандай тамаша әуен! Оны тыңдағанда көз алдарына жылдың қай мезгілін елестетіп отырдындар? Көктем десек, не елестетесіңдер? Көктемде қандай мейрамдар бар?

Көлде жүзіп аққу-қаз,
Орманда бұлбұл сайраған.
Көптен күткен көктем кеп,
Құлпырып дала жайнаған.
Тасып ағып өзендер,
Қызыққа көзің тоймаған,
Далада еңбек қайнаған.
Қызыққа біз кенелдік,
Көктем қандай тамаша!

- Балалар, осы жуырда қандай мейрам болады?
- Бүгінгі сабағымыздың лексикалық тақырыбы қандай?

- «Наурыз мейрамы» және бізге сабақтың өрбуіне «Шылау сөздер» көмектеседі.

Слайдта күннің жады мен тақырыбы жазулы тұр.

II. Электрондық оқулықпен жұмыс. Шылау сөздер ережесін оқу.

Слайдта шылау сөздердің 3 түрі көрсетіліп тұрады.

Септеулік шылауларға тоқталу (Электрондық оқулықтан септеулік шылау ережесін оқу, түсіндіру).

Септеулік шылауларды бекіту үшін электрондық оқулықтан тапсырмаларды орындау (1, 2, 4 тапсырма).

III. 1-тапсырмаға оралайық. Әр сөйлемнің қасында суреті бар. Суреттерге назар аударындар. Қандай ұлттық ойындарды көріп отырсындар? Осы ұлттық ойындарды қандай мейрамда көруге болады?

- Ендеше, балалар, қазір бізге Наурыз мейрамы туралы үйде дайындалып келген оқушыларымызды тыңдайық!

(2 оқушы Наурыз мейрамы туралы айтады. Слайдта наурыз мейрамы суреті көрсетіледі).

- Мінекей, балалар, жаңа өздеріңіз естідіңіздер, Қазақстанда Жаңа жылды 2 рет тойлаймыз.

1-жаңа жылды еуропалық күнтізбесі бойынша 31 желтоқсанда тойлаймыз.

2-жаңа жыл – Наурыз мейрамын 22 наурызда Шығыс күнтізбесі бойынша тойлаймыз. Осы күні барлық мұсылмандар Жыл басын қарсы алады. Осы екі мерекені салыстырып көрейік.

IV. Венн диаграммасын толтыру (интербелсенді

тақтада оқушылар шығып айырмашылықтарын жазады).

- Осыдан қандай нәтиже көруге болады? Жыл мезгілдері қарсылас, ал мейрам – бәрімізге ортақ!

V. «Синквейн» әдісін қолдану, бес жол өлең жазу (Интербелсенді тақтада):

1. зат есім – мейрам.
2. сын есім – көңілді, қызықты.
3. етістік – өткізеді, тойлайды, болады.
4. сөйлем – Халқымыз Наурыз мейрамын көңілді өткізеді.
5. синоним – мереке, той, думан.

VI. Мұғалім: - Балалар, 22 наурыз күні адамдар бір-бірін құттықтайды, жақсы тілектерін айтады. Ал, сендер қандай құттықтау жазар едіңдер? (Слайдта сөздер шығады-табыс, бақыт, денсаулық, жақсылық, сәттілік, ашық аспан).

Оқушылар дәптерлеріне құттықтауды жазады. 3 оқушы тақтаға шығып оқиды.

VII. Сабақты бекіту.

- Шылау сөздердің қандай түрлерін білдіңдер?

(Слайдта шылау сөздермен берілген сөйлемдер көрсетіледі. Оқушылар сөйлемдерді кезекпен оқып, шылау түрлерін анықтайды).

VIII. Поэзия минуты.

- Күмбірлеген домбыраның үніне әсерленіп поэзиялық минутын өткізейік! Күй орындалып тұрады. Оқушы тақтаға шығып, Наурыз туралы өлеңін мәнерлеп оқиды (Слайдта наурыз мейрамының суреті).

IX. Оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма беру.

Гүлшат МОЛДАҒАЛИЕВА,
Ақсай қаласындағы
№4 жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Бөрлі ауданы.

Ү ӘРІПІН ОҚЫТУ

Мақсаты:	Апта күндерін қазақша айтып, Үү әріпінің жазылуы мен оқылуын меңгеріп, сөздердің ішінен таба білуге үйрену.	
Күтілетін нәтижелер:	А) Апта күндерін қазақша айта алады. Б) Үү әріпін оқи және жаза алады. С) Сөздердің ішінен Үү әріпін таба алады.	
Керекті жабдықтар:	Оқулық, жұмыс дәптері, ұнтаспа, АКТ.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
Кіріспе.	1. Амандасу. Психологиялық дайындық. Қайырлы таң, досым! Қайырлы күн болсын! Жеті күннің әр кезі Сәттілікке толсын! Біздің алар бағамыз Кілең бестік болсын!	Оқу құралдарын алып, сабаққа әзірленеді.
	2. Үй жануарлары, үй құстары, аңдар бойынша топқа бөлу.	Үй жануарлары, үй құстары, аңдар салынған суреттерге қарап, 3 топқа бөлінеді.

	3. «Сұрақты ұстап ал» әдісі бойынша өткен сабақтар бойынша сұрақтар қою: Сенің атың кім? Сен неше жастасың? Қандай үй жануарларын білесің? Қандай үй құстарын білесің? Қандай аңдарды білесің? Қандай өлең білесің? Бір аптада неше күн бар?	Сұрақтарға жауап береді.
Тұсаукесер:	Аптаның бірінші күні қалай аталады? Бүгін біз «Бүгін дүйсенбі» деген тақырыппен және Үү дыбысымен танысамыз.	Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.
Негізгі бөлім.	Сөздікпен жұмыс: Ертең – завтра; Қай күн? – какой день (недели)? Апта – неделя.	Сөздерді мұғалімнің соңынан қайталайды.
	<u>1-тапсырма.</u> Тыңда, қайтала. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. <u>2-тапсырма.</u> Суретке қара. Тыңда, қайтала. - Анар, бүгін қай күн? - Бүгін – дүйсенбі. - Юра, ертең қай күн? - Ертең – сейсенбі.	Үнтаспаны тыңдап, қайталайды. Үнтаспадан тыңдайды, сұраққа жауап береді.
	Оқушылардан кезекпен сұрау. Есте сақта! Бүгін қай күн? Ертең қай күн? <u>3-тапсырма.</u> Толықтырып айт.	Естеріне сақтау үшін бірнеше рет қайталайды.

	Ертең қай күн? Бүгін – дүйсенбі. Бүгін – сәрсенбі. Ертең . . . Ертең . . . Сергіту сәгі: «Қызыл өрік» биі. <u>4-тапсырма.</u> Тыңда, қайтала. Үү дыбысы және оның әріпі. Үсен, үш, түйе, күнделік, үйрек, үй, күн, гүл. Ү дыбысы сөздің басында және ортасында келеді.	Сөйлемді толықтырып айтады. Интербелсенді тақтаға карап, би билейді. Үнтаспадан тыңдап қайталайды.
	Дәптермен жұмыс. Дәптерге Үү дыбысын жаздыртып үйрету. Сөз тіркесін құрау. - Кім? - Кім отыр? - Не? - Қандай үйрек? - Не? - Қандай гүл?	Дәптерлеріне жазады. Үү әріпін толтырады. Сұрақтарға жеке жауап береді.
	Топтық жұмыс. Постермен жұмыс. 1-топ. «Топтастыру» әдісі: к...з г...л т...йе ...й Г...л, ...й, ...ш, т...йе, к...з, т...с.	Топтасып тапсырмаларды орындайды. Көп нүктенің орынына тиісті әріпті қойып жазады.

	2-топ. Суреттер сөйлейді. Қай суретте Үү әріпі бар, сол суреттерді флипчартқа жапсыру. Суреттер тарату. Үй, гүл, күн, үйрек, түйе, әтеш, қаз, піл, қуыршақ.+ 3-топ. Сөз тіркестерін құрастыру. Мысалы: қызыл гүл. Үлкен . . . , қызыл . . . , кішкентай . . . , қоңыр . . . , сары . . . , жасыл . . .	Қай суретте Үү әріпі бар, сол суреттерді флипчартқа жапсырып, оқиды.																																													
	Жұптық жұмыс. Екі оқушыға Әә, екі оқушыға Ққ, келесі екеуіне Іі, Өө, Ғғ, Ыы дыбыстарын беріп, сол дыбыстар қатысқан 4,5 сөз айту.	Суреттер таратылып, берілген сөзге сәйкес келетін суретті таңдап, сөз тіркесін құрайды. Оқушылар жұптасып, сөздер айтады.																																													
Қорытынды.	Сөзжұмбақ <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr><td></td><td>Д</td><td>о</td><td>п</td><td></td></tr> <tr><td></td><td>Ү</td><td>ш</td><td></td><td></td></tr> <tr><td>т</td><td>ү</td><td>й</td><td>е</td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td>с</td><td>и</td><td>ы</td><td>р</td></tr> <tr><td></td><td>к</td><td>е</td><td>р</td><td>і</td><td>к</td></tr> <tr><td>к</td><td>ү</td><td>н</td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td>б</td><td>е</td><td>с</td><td></td></tr> <tr><td></td><td>п</td><td>і</td><td>л</td><td></td><td></td></tr> </table>		Д	о	п			Ү	ш			т	ү	й	е				с	и	ы	р		к	е	р	і	к	к	ү	н						б	е	с			п	і	л			Сөзжұмбақты шешеді.
	Д	о	п																																												
	Ү	ш																																													
т	ү	й	е																																												
		с	и	ы	р																																										
	к	е	р	і	к																																										
к	ү	н																																													
		б	е	с																																											
	п	і	л																																												
Үйге тапсырма:	Жаңа сөздерді қайталау.	Оқушылар күнделіктеріне үй тапсырмасын жазады.																																													
Бағалау.	Смайлик арқылы кері байланыс орнату.	Сабақты түсінген, түсінбегендеріне байланысты смайликтердің суретін салады.																																													

Сыныптан тыс шара

Бибігүл ИСЕМБЕРЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысының
Орал қаласындағы
№13 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Мақсаты: оқушылардың білімдерін ортаға салу. Оқушылардың дүниетанымдарын кеңейту, тіл байлығын, сөздік қорларын молайту, логикалық ойлау қабілеттері мен шығармашылық қиялын дамыту. Мемлекеттік тілімізді сүйе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденімпаз болуға тәрбиелеу. **Түрі:** интеллектуалды ойын-сайыс. **Көрнекілігі:** слайдтар.

Сайыстың өту барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Балалар, бүгін біздің мектебімізге қонақтар келіп отыр. Сондықтан біз бүгінгі күнді үлкен мейрам етіп атап өтейік. Қонақтарға біз өткізгелі отырған сайысымызда өзіміздің білімімізді жақсылап көрсете білейік.

Бүгінгі сайысымыздың тақырыбы: «Ел болашағы – білімді ұрпақ». Сайыстың мақсаты: білімдерімізді ортаға салу, сөздік қорларымызды молайту, өзімізді саналы, ізденімпаз, елімізді құрметтейтін оқушы болуға тәрбиелеу.

Біздің бүгінгі негізгі тақырыбымыз Отан туралы

болмақ. Сондықтан слайдтар арқылы аздап шолу жасап көрейік.

Отан дейміз от жаққан жерімізді,

Отан дейміз өсірген елімізді.

Отан дейміз туған жер, атамекен –

Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Отан дейміз кең-байтақ астананы,

Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қаланы.

Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,

Ол бірақ өз үйіңнен басталады.

Қазақстан – біздің сүйікті Отанымыз. Көрсен көз тоймас асқар шыңды таулары, айдын шалқар көлдері, жайыла аққан өзендері, ормандары бар. Осының бәрі Алтай менен Атырау, Ақжайық пен Алатаудың аясында құлаш жайып, жайнай түрленіп жасанып-жасарып жатыр.

«Отан отбасынан басталады» деп халқымыз айтқандай, Отан – кең мағыналы, қасиетті ұғым. Әрбір адамның отбасы, тұрған мекені, өскен ортасы, аймағы, мемлекеті – оның жарық дүниедегі жансаясы, өмір өрісі, оттай жандырған Отаны.

Отанымыз туралы, оның тарихы, өткені мен бүгіні жайлы жақсы білуіміз қажет. Міне, осы мақсатта 4-5-сынып оқушылары Отанымыз туралы қаншалықты білетіндігін байқап көреміз.

«Тауды биік деме сен,

Талаптансаң – шығарсың.

Жауды мықты деме сен

Білімді болсаң – жығарсың» дегендей, бүгінгі «Ел болашағы – білімді ұрпақ» атты интеллектуалды ойынымызды бастайық. Сайысқа 4 «Б» сыныбының

«Жалын» тобы мен 5 «Б» сыныбының «Ұшқын» тобы қатысады. Бұл білім сайысы 7 кезеңнен тұрады.

1-кезең: Топты таныстыру.

2-кезең: Күш – білімде.

3-кезең: Полиглот.

4-кезең: Поэзия минутты.

5-кезең: Шапшаңдық.

6-кезең: Егер де мен

7-кезең: Бойындағы өнерін көрсету.

«Әділқазы, аққазыға бір сәлем!

Әділдікке бас иеді бар әлем.

Жүйрік озар сайыстарда неше бір,

Сарапқа сап әділдікпен шеше біл!» деп сайыскерлеріміздің білімін бағалау үшін әділқазы алқасын сайлап алайық.

Сәлемдесу – игі дәстүр киелі,

Сөзбен қарап, кейде шешер шиені.

Жақсы сөзге жан семірер қашанда,

Жолданады сайыскерлер сәлемі.

Сонымен, сайысқа қатысушы топтар өз сәлемдерін жолдайды. Яғни, 1 кезең «Таныстыру» кезеңі (5 ұпаймен бағаланады).

- Балалар, бүгінгі сайыста 2 топ бір-бірімен танысып, топтар туралы мағлұмат алдық, шеберліктерімізді байқаттық. Алдағы кезеңдерде де сүрінбей, өздеріңізді тек биік шыңнан көрсетіңіздер.

Енді келесі кезең – «Күш – білімде» кезеңі. Мұнда әр топқа 10 сұрақтан беріледі. Егер сұрақ алған команда жауап бере алмаса, 2-топтың жауап беруіне болады. Әр сұрақ бір ұпаймен бағаланады.

1. Мемлекеттік рәміздер қай жылы бекітілді?

2. Қазақстан Республикасының елтаңбасы мен туының авторлары?

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының реңдік бейнесі?

4. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы?

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі?

6. Қазақстанның астанасы қай қала?

7. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

8. Қазақстан қандай мемлекет?

9. Тәуелсіздік күнін қашан тойлаймыз?

10. Қазақстанның астанасы болған қалалар?

11. Қазақстанның тұңғыш астанасы қай қала?

12. Қазақстан Республикасының Елтаңбасының жоғарғы және төменгі жағында не бейнеленген?

13. Қазақстан өз тәуелсіздігін қашан алды?

14. Қазақстанда қандай пайдалы қазбалар бар?

15. Қазақстанда қанша облыс бар?

16. Астананың символы?

17. Қазақстан қанша мемлекеттермен шектеседі?

18. Мемлекеттік рәміздерді ата?

19. Тұңғыш қазақ ғарышкері?

20. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

Келесі кезең «Полиглот» деп аталады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында былай деген екен: «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын қолға алуды ұсынамын». Сондықтан қазіргі кезде сауатты да білімді әр азамат үш тілді меңгере білуі керек. Біз мұны осы кезеңде дәлелдеп көрейік. Енді, балалар, келесі тапсырманы орындау үшін интерактивті тақтаға назар аударайық. Бұл тапсырмада берілген мақалдардағы суреттердің

орынына тиісті сөзді қойып, 3 тілде(қазақ, орыс, ағылшын) айту керек. Екі топ тапсырманы кезекпен орындайды.

- Өте жақсы, бұл кезеңде де өз білімдеріңіздің мықтылығын көрсете білдіңіздер.

- Енді, келесі кезең – «Поэзия минуты». Мұнда екі топ мүшелері кезекпен «Қазақстан» тақырыбында білетін өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқуы керек. Ал, кім бастайды?

- Жарайсындар, балалар! Өз елін мақтанышпен жырлаған ақын-жазушыларымыз да қаншама! Сіздер де осы кезеңнен елімізге, жерімізге сүйіспеншіліктеріңізді көрсете алдыңыздар.

Келесі кезең – «Шапшаңдық» кезеңі. Мұнда «Қазақстандықтар» сөзінен 2 минут ішінде бірнеше сөз құрап жазуларыңыз керек. Ол үшін алдарыңызға плакат пен маркер беремін. 2 минуттан кейін қай топ қанша сөз жазғаны тексеріледі. Әділқазылар алқасы топта неше сөз болса, сонша ұпай қосады. Бірақ сөздерде артық әріптердің болмауы, бір сөздің қайталанбауы ескерілуі қажет.

Келесі кезеңде әр топ басшыларына тапсырма беріледі. Бұл кезең «Егер де мен ...» деп аталады. Бұл тапсырма үйден дайындалып келуге берілген болатын. Топ басшылары берілген тапсырманы таңдап алу қажет. Ой ұшқырлығы, сөз шеберлігі, шешендігі тексеріледі. Мұнда «Егер де мен Президент болсам ...», «Егер де мен кәсіпкер болсам ...» деген тақырыптар берілген. Таңдап алыңыздар.

Соңғы кезең – «Бойындағы қасиетін таныту». Әр топ өз өнерін көрсетеді. Сайысты бағалау.

Мереке ӘБДІҒАЛИЕВА,
Астана қаласындағы
№1 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«АНА ТІЛІҢ – АРЫҢ БҰЛ» САЙЫСЫ

Мақсаты: оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын арттыру, қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін білуге, қазақ тілін меңгеруге, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, отансүйгіштікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік: техникалық құралдар, тіл туралы нақыл сөздер.

Сайыс барысы:

«Қазақ елі» әні. Орындаушы: 10 «В» сынып оқушысы Сихымбаева Фариза.

1-жүргізуші: - Құрметті қонақтар, ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі «Ана тілің – арың бұл» атты 10-11 сынып оқушылары арасындағы сайысқа қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

- Қазақ осы айтатұғын елге сыр:
О, ағайын, халық емес ол кесір.
Қазақ осы аңғал-саңғал жабусыз,
Қазақ осы ағыл-тегіл, көл-көсір.

Қазақ осы «Өнер алды – тіл» дейтін,

Қазақ осы қарасың ба, ақсың ба,

Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін, - деп ақын ағамыз Қадыр Мырза Әли айтқандай, ұлы қазақ даласында 130-дан астам ұлт өкілдері бір шаңырақтың астында татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатқаны бәрімізге мәлім. Қазақстан жерінде тұратын әр адам Отанын сүю, мәдениеті мен тілін білу және оларды қастерлеу қасиетті борышы екенін сезінуі қажет. Осындай мақсатпен біздің мектебімізде «Ана тілің – арың бұл» атты сайыс ұйымдастырылып отыр.

1-жүргізуші: - Сайыс бес кезеңнен тұрады.

I кезең: «Таныстыру».

II кезең: «Викториналық сұрақтар».

III кезең: «Сүйікті ақынмен сырласу», яғни, сүйікті ақындарының өлеңінен үзіндіні жатқа айту.

IV кезең: «Өнерліге өріс кең», яғни, үй тапсырмасы.

V кезең 2 бөлімнен тұрады. 1-бөлімде «Эссе жазу», яғни, топ басшылары «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында шағын эссе жазады, ал 2-бөлімде қалған сайыскерлер арасында «Мақал – сөздің мәйегі» ойыны жүргізіледі. Әр кезең бес балдық жүйемен бағаланады.

2-жүргізуші: - Сайысымызды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныстырып алайық.

1-жүргізуші:

- Беташарын сайысымыздың бастайық,
Көрерменді бір серпілтіп тастайық.
Таныстырсын сайыскерлер өздерін,
Өнеріне ду қол соғып қостайық.

I кезең – «Таныстыру». Әр топ өздерін таныстырады.

«Атамекен» әні. Орындаушы: 11 «Г» сынып оқушысы Бокина Әсем.

2-жүргізуші:

- Қазақтың түрлі-түрлі дәстүрі бар,
Оның сырын ашқанға жұрт қызығар.
Жауабын таба ма екен сайыскерлер,
Сол себептен қоятын сұрақтар бар.

II кезең – «Викториналық сұрақтар». Әр топ басшылары дайындалған екі конвертті өздері таңдайды, сол негізде сұрақ оқылады. Ескеретін бір жай: сұрақ 2 минуттың ішінде оқылады, сол уақытта қанша сұраққа жауап берсе, сонша ұпай жинайды.

1-конверттің сұрақтары:

1. Жүз жасаған қазақ ақыны?
2. Киіз үйдің қабырғасы қалай аталады?
3. Астана қаласының әкімі кім?
4. Мемлекеттік тіл мәртебесін қашан алды?
5. Ұлттық сусынды ата.
6. Ақмола қаласы қай жылдан бастап Астана болды?
7. Қазақ әліпбиінің атасы кім?
8. Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда неше астана болған?
9. Мемлекеттік рәміздер қашан қабылданды?
10. Қазақтың үш биі.

2-конверттің сұрақтары:

1. Қазақстанда қанша ұлт өкілі тұрады?
2. Алматы Қазақстанның нешінші астанасы?
3. ҚР ұлттық валютасы қашан қабылданды?

4. Астана қай өзеннің жағасына салынған?
5. Қазақстанда неше облыс бар?
6. Киіз үйдің төбесі қалай аталады?
7. Қазақстанның тәуелсіздік алған жылы.
8. Ең алғашқы астананы атаңыз.
9. Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім?
10. Қазақ вальсінің королі.

1-жүргізуші:

- Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін (Абай).

III кезең – «Сүйікті ақынмен сырласу», яғни, сүйікті ақындарының өлеңінен үзіндіні жатқа айту.

Күй: Орындаушы қазақ тілі пәнінің мұғалімі Шериязданов Е.Қ.

2-жүргізуші:

- Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,
Ана тілін білмеу қандай заңдылық?!
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

IV кезең – «Өнерліге өріс кен», яғни, үй тапсырмасы.

«Туған жер» әні. Орындаушылар: **10-сынып оқушылары** Әділова Айзада мен Қойшыбаева Жәния.

1-жүргізуші:

- Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады.

V кезең 2 бөлімнен тұрады. 1-бөлімде «Эссе жазу», яғни, топ басшылары «Мемлекеттік тіл – менің тілім» тақырыбында шағын эссе жазады, ал 2-бөлімде қалған сайыскерлер арасында «Мақал – сөздің мәйегі» ойыны жүргізіледі.

Шарты: Әр топқа конвертке салынған мақал-мәтелдер беріледі. Асты сызылған сөздердің синоним, омоним, антонимдерін табу керек.

1-конверт.

- 1) Бірлік болмай, тірлік болмас.
- 2) Отан – оттан да ыстық.
- 3) Жамаң етікші біз таңдайды.

2-конверт:

- 1) Ауру қалса да әдет қалмайды.
- 2) Қайтып кірер есікті қатты жаппа.
- 3) Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды.

2-жүргізуші:

- Өнерлінің өнерін
Тағы да байқап көрейік.
Жүйрік аттай желейік,
Ән-жырға кезек берейік.

«Мерей» ансамблінің орындауында «Қаражорға» биі.

1-жүргізуші:

- «Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.
Білім мен тапқырлықтың сайысында
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты» дегендей,
сайыскерлерімізді бағалау үшін әділқазыларымызға сөз берейік.

**Жанна ЖҮЛҚАШОВА,
Элмира КӘРІМОВА,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.**

ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН

Мақсаты: Қазақстан Республикасының халықтар достығы еліміздің бірлігінің кепілдігі екенін таныту, достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу. Өзге ұлт өкілдерінің республикамызға келуі жайлы тарихымен таныстыру, мағлұмат беру.

1-жүргізуші:

- Сәлем бердім халқыма,
Сәлем бердім жалпыға.
Сәлемдесу кіреді
Ата дәстүр салтына.

Құрметті қонақтар, «Достығымыз жарасқан» атты Қазақстан халықтарының достығы фестиваліне қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

- Кең байтақ жазиралы дархан өлкемде тұрып жатқан, көп диаспоралы бауырластар, достар! Мәртебесі көкке жеткен еліміз көптеген жетістікке жетті. Жүзден астам ұлт өкілдері «Отаным – алтын ордам» дейді, өйткені біздің ел – татулықтың, достықтың, бірліктің киелі бесігі.

Болсын жер мен су ортақ,
Болсын біздің ту ортақ.

1-жүргізуші:

- Бір шаңырақтың астында қазақ, орыс, қырғыз, өзбек, татар, ұйғыр, әзірбайжан, башқұрт, неміс, украин, белорус, кәріс татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатыр. Көп ғасырлар бойы олар бір-бірінің салт-дәстүрін құрметтеп, жерімізді бөлісіп отыр.

2-жүргізуші:

- Міне, бүгін бәріміз адамзат тарихындағы ең көне мерекелердің бірі - Наурыз мейрамын тойлағалы отырмыз. Біздің фестиваліміз осы мейрамға арналған.

1-жүргізуші:

- Наурыз – Ұлыстың ұлы күні, үлкен мейрам. «Наурыз» парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» не «жаңа жыл» дегенді білдіреді.

2-жүргізуші:

- Бұл күнді ата-бабаларымыз жыл басы деп есептеп, мерекелік ас – наурыз көже әзірлеген. Адамдар «Ақ мол болсын!», «Ұлыс оң болсын!», «Ұлыс береке берсін!», «Ұлыс бақытты болсын!» деп бір-бірін құттықтайды. Бұл күні бәрі ән айтып, би билеп, көңіл көтереді, ренжіскендер татуласады.

1-жүргізуші:

- Міне, бүгін де біз өз өнерімізді ортаға салғымыз келіп отыр, біз де бұл мейрамды қуанышпен қарсы аламыз, себебі біз бір шаңырақтың астында тұрамыз, бұл мейрам бәрімізге ортақ.

1, 2-жүргізуші:

- Наурыз мейрамы құтты болсын!
Мереке «Наурыз» әнімен ашылады.

2-жүргізуші:

- Қазақта «Отаны бірдің тілегі бір, жүрегі бір» деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір, атасы басқа болса да, Отаны бір қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп отырған Қазақстан атты елміз. Көп ұлт өкілдері тұратын ел болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз.

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт, кең жатыр.
Бірімен-бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Моңғол, ұйғыр, дүнгендер,
Армян, қазақ, грузин,
Орыс пенен украин
Терезесі тең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,
Құлаққа дауысы кеп жатыр.

Алдарыңызда мектеп хоры. Жетекшісі – Неверова
Лариса Евгеньевна.

1-жүргізуші:

- Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, атамекен –
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

2-жүргізуші:

- Бағым да,
Барым да сен, ұлы Отаным,
Арым да,
Жаным да сен, ұлы Отаным.
Қанымда қасиетің – гүл атамын,
Мен сені ата-анамдай ұнатамын.

Отаным, оттан ыстық сен екенсің,
Анамның құшағындай кең екенсің.
Байлығым,мақтанышым, берекемсің,
Шаттығы таусылмайтын мерекемсің.

1-жүргізуші:

- Сахнаға қазақ халқының өкілдерін шақырып,
өнерін тамашалайық.

1. Қазақ елі кең байтақ және өте бай. Табиғаты әр алуан. Қазақстанның тарихы талай мыңдаған ғасырларды қамтиды, жері шежірелі. Талай белестерді өткізген қазақ халқы егемендік алды. Елімізде 16 миллионнан астам адам тұрады.

2. - Біз қазақпыз,батырмыз,
Байтақ ел боп жатырмыз.
Біз қазақпыз,арманбыз,
Батыр ел боп қалғанбыз.
Біз қазақпыз қаһарман
Жар салатын жаһаннан.
Біз қазақпыз,арыспыз,
Ер жүректі барыспыз.

3. Домбыраның сүйемелдеуімен «Мен қазақпын» әні орындалады.

4. Қазақ биі (домбырамен).

2-жүргізуші:

- Орыс, қазақ туыс боп ағаласып,
Қаны,тілі жатыр ғой араласып.
Отбасылық бақыты ортақ болсын,
Қол ұстасып,еңбек ет, далаға шық!

1-жүргізуші:

- Ортамызға орыс халқы өкілдерін шақырайық.

1. Ресей елінің ресми атауы – Ресей Федерациясы.
Астанасы-Москва. Халқы –143,2 млн адам. Ұлттық ақшасы-рубль. Ресми тілі – орыс тілі.

2. Мы живем в семье единой, дружной,
Народов всех обычаи храня,
Наш Казахстан – наш отчий дом, где если нужно
Всегда поддержат в трудный миг тебя.
Здесь вольный ветер напевает песни.
О чем поет он, не слышали ли вы?
О нашей дружбе,о степных просторах,
О верности, о счастьее, о любви.
О том,что завещали еще предки:
Беречь Отчизну, как ребенка мать.
И не идти ни на какие сделки,
Чтоб злобный демон смог возликовать.
Я верю в разум всех народов наших,
Кому родным стал домом Казахстан,
Что сделают его счастливей,краше,
И верность дружбе сохранят в веках.

1-жүргізуші:

- Сахнаға шешен ұлтының өкілдерін қошеметпен шақырайық.

1. Ең алғаш рет Патша өкіметі құлағаннан кейін шешен-дағыстан имаматы құрылған. 1918 жылы

Таулы Республика болды. 1944 жылы өтірік жаламен бүкіл шешендерді Қазақстанға жер аударады. Жерлері РСФСР; Грузияға, Солтүстік Осетиндер мен Дағыстан АССР-на бөлінеді. 13 жылдан соң шындық әлемге паш етіледі. «Халық жауы» деген жала ақталып, 1957 жылы Шешен-ингуш Автономия Республикасы болып жарияланады. Алматыда-2746 ингуш, 2304 шешен халықтары тұрады.

2. Шешен тілінде өлең оқылады.

3. Шешен биі.

1-жүргізуші:

- Аман боп халқымыз мәңгілік,
Жүрейік достықта сән құрып.
Бірлік пен ынтымақ нығайса,
Атады әрқашан таң күліп.

2-жүргізуші: - Кезекті украин халқына берейік.

1. Украинаның территориясы - 603,7 мың шаршы километр. Астанасы - Киев. Ірі қалалары - Харьков, Днепропетровск, Одесса. Халқы-48,2 миллион адам.

2. Украин тілінде өлең оқылады.

3. Қазақ жері маған да болған мекен,
Дүниеде дәл мұндай ел бар ма екен?!
Досқа-дарқан, дұшпанға сонша қатал,
Сүйем оны, сағынып, самғап жетем.

4. Украин биі.

1-жүргізуші:

- Әрқашан дос, біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріндер,
Достық жырын біліңдер,

Ту ғып ұстап бірлікті,
Еңбекті сүйіндер.

2-жүргізуші:

- Қошеметпен алдымызға әзірбайжан халқын шақырайық.

1. Әзірбайжанның ресми атауы – Әзірбайжан Республикасы. Астанасы – Баку. Мемлекеттік тілі – әзірбайжан тілі. Ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күні. Ұлттық ақшасы – манат. Халқы – 8,2 миллион адам.

2. Әзірбайжан тілінде өлең оқылады.

3. Отанды

Жас, кәріміз де
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені онда бәріміз де
Туып, өмір сүреміз.
Отан деген – атамекен,
Отан деген – туған жер.
Отан – ана,
Отан – үлкен
Қазақстан – туған ел!

4. Әзірбайжан тілінде ән орындалады.

5. «Лезгинка» биі.

1-жүргізуші:

- Жүрегімнен күмбірлеген күй ақты,
Арнасынан аққан өзен сияқты.
Арынды күй махаббатты шертеді
Туған жерге, Отаныма шуақты.

2-жүргізуші:

- Құрметті көрермен, татар халқының өнерін тамашалайық.

1. Татар халқының саны – 298954 адам. Татар халқы үшке бөлінеді: волга-оралдық, сібір татарлары, астрахандық татарлар. Қазақ хандығының құлауынан кейін алғаш татарлар Қазақстанға келіп орныққан.

2. Татар тілінде өлең оқылады.

3. Мен бүгін жеткіншек баламын,

Халқымнан өнеге аламын.

Тәуелсіз еліме өлең мен

Жыр арнап, сурет те саламын.

Қазақстаным, ел болдың тәуелсіз,

Төсінде шырқалған әуенбіз.

Балалар еңбегі – азат күн,

Қолдайық, қорғайық сіз бен біз.

3. Татар биі.

4. Баянның сүйемелдеуімен татар әндерінен попури орындалады.

1-жүргізуші:

- Далаң үшін, қызба қан халқың үшін,
Жырың үшін кеңейткен жан тынысын
Саған, Қазақстаным, ғашықпын мен
Әншіл, сәншіл, бәйгешіл салтың үшін.

2-жүргізуші:

- Қазақстан – елім менің,
Қазақстан – жерім менің,
Саған арнап айтылады
Әнім менің.

1-жүргізуші:

- Қарсы алыңыздар, алдарыңызда біздің қонақтарымыз – әжелер хоры.

2-жүргізуші:

- Біздің ортақ үйіміздің шаңырағы биік, керегесі берік, босағасынан ырыс-дәулет кетпегенін қалаймыз. Оған Қазақстанда тұратын барша халықтың өзіндік үлес қосуымен бір-бір уық болып қадалғанын жақтаймыз. Ашық, көк аспан астында барлық елдер тату-тәтті өмір сүруіміз керек.

Барлық оқушылар қол ұстасып: - Біз тату-тәтті боламыз, Ағайынбыз бәріміз,- деп, қабырғадағы алтын күн суретіне қолдарындағы елдер атауын жапсырады.

1-жүргізуші:

- Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.
Барлық ұлттың баласы
Достығымыз жарасқан.
Ортақ бізге бір Отан,
Ортақ жердің байлығы.
Еңбек ортақ, жыр ортақ,
Ортақ бізге барлығы.
Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз,
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.

2-жүргізуші:

- Отанымыз тыныштықта, еліміз бейбітшілікте болып, күн сәулесі бақыт нұрын шашсын! Келесі кездескенше, қош сау болыңыздар!

Алдарыңызда «Өз елім» әнімен 9-сынып оқушысы Коптелова Алина.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
Щучинск қаласындағы
№1 мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Бурабай ауданы.

ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

(8-сынып)

Қазіргі таңда оқушыларға білім беруде әр түрлі жаңа технологиялар пайдаланылуда. Білім берудің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның өз бетімен жетілуін қалыпқа айналдыру, сондықтан оқушылар оқытудың түрлі әдіс- тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Жеке тұлғаның өздігінен жетілуі, оқушылардың білім стандартын меңгеруі, есте сақтау дағдыларын қалыптастыруы, сөйтіп жеке іскерлігін дамыту үшін, профессор Ж.А.Қараевтың «Педагогикалық оқыту технологиясы» еңбегін пайдаланып, 8-сынып оқушыларына әр деңгейдегі модульдік тапсырмаларды ұсынып отырмын.

Әр деңгейдегі модульдік тапсырмалар оқушылардың өткен тақырыптарды қаншалықты меңгергенін тексеру мақсатында пайдаланылады. Бұл оқушылардың сапалы білім алып, меңгерген білімін, дағдыларын іс жүзінде пайдалана білуге,

жүктемені өздігінен орындап, қорытынды жасауға дағдыландырады.

Әр деңгейлі тапсырмаларды іріктеу кезінде оқушылардың білім деңгейі ескеріледі. Оқушыларды сабаққа қызықтыру үшін тапсырмаларды мүмкіндігінше түрлендіріп, «Төменнен жоғары қарай» қағидасы бойынша 4 деңгейге бөліп беріп отырамын. Тапсырмалар 15- 20 минут аралығында орындалуы тиіс.

I. Отбасы сыйластығы.

I деңгей.

«Ата-әке-бала» мәтінін мәнерлеп оқу, аудару, сұхбат құрастыру.

II деңгей.

1. Мәтіннен тірек сөздерді табу.

2. Мына сөздерді сөз құрамына талда: *ұрпақ-тан, отбасының, немерелеріне, мүшелерінің, әкеге, балаларын.*

2. Тест сынақ:

1. Қазақ отбасы неден тұрады?

а) құрметті адамдардан;

ә) ата, әже, әке, ана, бала;

б) туыстардан;

2. Отбасының ең құрметті адамдары:

а) ана,әке;

ә) ата, әже;

б) аға, тәте;

3. Отбасының басшысы, асыраушысы, қамқоршысы кім?

а) ана;

ә) әже, ата;

б) әке;

4. Отбасының беріктігін сақтаушы кім?

а) аға, тәте;

ә) ата;

б) ана;

5. Отбасының ең үлкен байлығы не?

а) алтын;

ә) бала;

б) ата- ана;

III деңгей.

1. Берілген мәтіннің мазмұнын айт.

2. Мына сөздермен құрмалас сөйлем құрастыр:
ұрпақ, мәртебе, ақылшысы, ағайын;

IV деңгей.

1. Отбасы – сыйластық ортасы. Шығарма жазу.

2. Отан туралы.

I деңгей.

1. «Отан – сенің ата-анаң» атты өлеңді мәнерлеп оқу, төл дыбыстарды орфоэпияға сай айту.

2. Мына сөздерді сөз құрамына талда: досың, бауырың, халқың, елің;

II деңгей.

1. «Отан – сенің ата-анаң» өлеңі бойынша сұхбат құрастыру.

2. Төмендегі фразеологизмдерді қолданып, сөйлем құрап жазыңдар.

Қас-қаққанша-

Қоян жүрек-

Жүрек жұтқан-

Бетінен оты шығу-

III деңгей. Тест тапсырмасы:

1. Құрмалас сөйлем.

1. Құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен қандай ерекшеліктері бар?

Атап беріңдер.

а); ә) ...; б);

2. Құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар?

а) ...; ә) ...; б);

3. Берілген сөйлемнен құрмалас сөйлемді белгілеңдер.

А) Күн шықты, мал өріске кетті.

Ә) Күн шыққан соң, мал өріске кетті.

Б) Үскірік. Аяз, айнала тып-тыныш.

4. Берілген құрмалас сөйлемдерден тыныс белгісі дұрыс қойылғанын көрсетіңдер.

а) Жаңбыр да, жауды, жер де көгерді.

ә) Қайсар, қалаға барып, көп өзгеріп келді.

б) Бізге дұрыс бағыт беріп, жол көрсетіп отырса болды.

5. Себеп-салдар салаласты белгілеңдер.

а) Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады.

ә) Мен оны қарсы алып, айтқан жеріне шығарып салдым.

б) Мен білген жоқпын, сондықтан қателескен екенмін.

2. Берілген сөздердің мағынасын басқа сөздермен түсіндіріңдер.

Жоғарғы қасиет, өскен жерін, туған ұлтын, отаншыл;

IV деңгей.

1. «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбына шығарма жазу.

III. Отбасымызда тілдер үйренеміз.

I деңгей.

1. Мәтінді аударып, сұрақ- жауап құрастыру.

2. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Көп тіл білу ненің талабы?

2. Полиглот деген кім?

3. Қандай шет тілдерін білесіндер?

II деңгей.

1. Төмендегі сөздерді пайдаланып, сабақтас құрмалас сөйлемдер жазындар.

Көптеген, терең, бай, ежелгі, пайдалы;

2. Сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастыр.

Прийти к взаимопониманию, найти общий язык, язык отнялся, много говорить;

III деңгей.

1. Тест тапсырмасын орындау

2. Жер бетіндегі адамдар неше тілде сөйлейді?

А) екі жүз;

Ә) бес мыңдай;

Б) оң мыңдай.

2. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ерекшелігі неде?

А) жай сөйлемдері жалғаулықсыз байланысады;

Ә) я, немесе жалғаулықтары арқылы байланысады;

Б) бірақ, сонда да жалғаулықтары арқылы байланысады.

3. Жалғаулары жоқ салалас түрін табындар.

А) ыңғайлас салалас;

Ә) талғаулы салалас;

Б) түсіндірмелі салалас.

4. Жай сөйлемдер не арқылы құрмаласып тұр?

Атағың көпке кетіп жатыр және соны күндейтін де кісі көп.

А) шылау арқылы;

Ә) жалғаулық арқылы;

Б) мағынасына қарай.

5. Берілген құрмалас сөйлем құрмаластың қай түрі?

Бәйбіше қымыз сапырып, алдын Төлеге ұсынып, екінші тостағанды балаға берді.

А) салалас құрмалас сөйлем;

Ә) сабақтас құрмалас;

Б) аралас құрмалас.

IV деңгей.

«Ана тілі» тақырыбына ойтолғау жазу.

IV. Қазақстанның ірі қалалары.

I деңгей.

1. «Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқу, жаттап алу.

2. Өлеңдегі төл дыбыстары кездесетін сөздерді теріп жазу.

II деңгей.

1. Өлеңдегі тірек сөздерді тауып, көшіріп жазу.

2. «Қазақстан қалалары» тақырыбына диалог құрастыру.

3. Төмендегі сөздердің синонимдерін жазу.

Ұлан-байтақ жер-

Көркем қала-

Елорда-

Зәулім үйлер-

III деңгей.

1. Өлеңнің мазмұнын қазақ тілінде жеткізіндер.

Карта Қазақстана.

Взгляните на карту, на наш Казахстан.

Там снежные пики, степной океан,

И реки, что свет посылают в аулы,

И горы, где дышит в ущельях туман.

2. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндір.

Брыс алды – ынтымақ.

Бірлік бар жерде тірлік бар.

IV деңгей.

1. «Менің қалам» тақырыбына шығарма жаз.

V. Қазақстан балалар жазушылары.

I деңгей.

1. «Балалар әдебиеті» тақырыбына диалог құрастыру.

2. Мәтіндегі жалқы есімдерді анықтау.

II деңгей.

1. «Балалар әдебиеті» мәтінін мазмұндау.

2. Кестені толықтыру

Шығармалары	Не туралы? Авторы кім?
«Шоқан асулары»	
«Бала Шоқан»	
«Бала мерген», «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері»	

III деңгей.

1. Тест тапсырмасын орындау. «Туынды зат есімдер мен жалқы есімдер».

1. Төмендегі туынды зат есімдер қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын көрсетіндер.

а) қырғыш;

ә) үйшік;

б) келешек.

2. Есім сөздерден жасалған туынды зат есімді анықтаңдар.

А) батпақ;

ә) шуыл;

б) адамдық.

3. Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды табыңдар.

А) -ым, -ім;

ә) -лық, -лік;

б) -қор, -қой.

4. Қай қатарда туынды зат есімдер жазылғанын табыңдар.

А) жер, қала, әлем;

Ә) айтыс, білім, басты;

Б) әке, апа, бала.

5. Құрама зат есімдерді табыңдар.

А) атамекен, атажұрт, алтыбақан;

Ә) аяқкиім, бал дәурен, ауа райы;

Б) қайын ата, қайнаға, білезік.

2. Мына сөздердің мағынасын түсіндіріңдер,
3-4 сөйлем құрастыр.

Ұшып тұрам-

Аяғының ұшымен жорғалайды-

Құтты болсын-

IV деңгей.

1. «Менің сүйікті жазушым» тақырыбына шығарма жазу.

2. Құрбыларыңмен туған күн туралы пікірлес.
«Туған күн» тақырыбына ойтолғау жазу.

VI. Табиғатты қорғайық.

I деңгей.

1. «Табиғат – анамыз» мәтінін аударып, сұрақ-жауап құрастыру.

2. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, әңгімелеу.

II деңгей.

1. Өлеңнің мағынасын қазақ тілінде бер.

Что может быть милей

Бесценного родного края?

Там солнце кажется светлей,

Там радостней весна золотая.

2. Табиғат туралы диалог құрастыр.

III деңгей.

1. Көп нүктенің орынына баяндауыштың дұрыс нұсқасын жазыңдар.

1. Табиғат адамдардан қамқорлық

а) күтеді;

ә) талап етпейді;

б) қажет етпейді.

2. Бір гектар жерді алып жатқан қарағай жыл сайын он тонна оттегі...

а) жұтады;

ә) қажет етеді;

б) шығарады екен.

3. Корея мемлекеті қоршаған ортаны қорғауға ерекше мән ...

а) көрсетеді;

ә) қосады;

б) береді.

4. Біз республикамыздың табиғатын

а) болып отыр;

ә) айта береді;

б) сақтауымыз керек.

2. Берілген сөздердің түбірлерін анықтандар.

Өндіріс, елдерде, тіршілігінен, дамыған, құстар, табиғатын, күнде, байлығын;

IV деңгей.

1. «Табиғат – біздің анамыз» тақырыбына шығарма жазу.

2. «Табиғат» тақырыбына байланысты тест құрастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Артықова, Б.Немеренова. Қазақ тілі. 7-сынып. А., «Атамұра», 2007.

2. С.Дүйсебаев, Г.Байтілеуова, А.Қошқари, Г.Боранбаева. Қазақ тілі. 8-сынып. А., «Мектеп», 2012.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы №1402-Ж Күәлігі берілген.

Басаға 30.07.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 968. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№8, 2014 ж., 144 бет, Алматы.